



**БАЙТЕРЕК**

**«Бәйтерек»**

Ұлттық басқарушы  
холдингі

Жылдық есеп **2015**

Национальный  
управляющий холдинг

**«Байтерек»**

Годовой отчет **2015**



**BAITEREK**

**«Бәйтерек»**  
Ұлттық басқарушы  
холдингі

Жылдық есеп

**2015**

# МАЗМҰНЫ

<b>Кіріспе бөлім</b>	<b>4</b>
Басшылықтың үндеуі	4
Негізгі көрсеткіштер	6
<b>Стратегиялық есеп</b>	<b>12</b>
Холдинг туралы	12
Экономиканы шолу	16
Даму стратегиясы	23
<b>Операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелері</b>	<b>26</b>
2015 жылдың негізгі оқиғалары	26
Халықаралық қызмет нәтижелері	24
«Ұлттық чемпиондар»	30
<b>Корпоративтік басқару</b>	<b>34</b>
Корпоративтік басқару қағидаттары	34
Акционер туралы мәліметтер	35
Корпоративтік басқарудың ұйымдық құрылымы	35
Органдар жүйесі	35
Директорлар кеңесі	36
Басқарма	42
2015 жыл ішіндегі корпоративтік басқарудағы негізгі оқиғалар	42
<b>Ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және ішкі аудит</b>	<b>44</b>
<b>Кадр саясаты</b>	<b>48</b>
Негізгі кадрлық көрсеткіштер	48
Персоналды дамыту	49
Кадр саясатындағы әлеуметтік бағдар	50
<b>IT-технологияларды дамыту</b>	<b>52</b>
<b>Шоғырландырылған қаржылық есептілік</b>	<b>53</b>
Қысқартулар тізімі	57

## КІРІСПЕ БӨЛІМ

### Басшылықтың үндеуі

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ»  
АҚ ДИРЕКТОРЛАР  
КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ,  
ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ  
КӘРІМ МӘСІМОВТЫҢ  
ҮНДЕУІ



#### Құрметті серіктестер, әріптестер, инвесторлар!

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі Қазақстан экономикасының басым секторларына қаржылық мемлекеттік қолдауды көрсету жөніндегі басты операторға айналды. Өткен жылы холдингінің компаниялар тобының қатысуымен республикада шамамен 32 мың жаңа жұмыс орыны құрылды. Кәсіпкерлікті қолдау шеңберінде «Бәйтеректің» даму институттары 2015 жылы алты мыңнан астам кәсіпорынға жалпы сомасы шамамен 790 млрд теңгеге оның ішінде, 20 ірі инвестициялық жобаға 200 млрд теңгеден астам сомаға қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетті. «Бәйтерек» холдингі «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатты іске асыру шеңберінде елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Тұрғын үй құрылысы саласында – әлеуметтік жалға берілетін тұрғын үй жаңа бағыты әзірленді. Нәтижесінде 2015 жылы холдинг жеті мыңнан астам қазақстандықтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына арналған өз Жолдауында «Біз жеке бастамаларды дамыта отырып, өсімнің жаңа ішкі көздерін ашуға тиіспіз.

мүмкіндік берген 425,5 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беруді қамтамасыз етті. Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы 404 мың шаршы метр тұрғын үйді немесе 6558 пәтерді сатып алу қамтамасыз етілді. Әлемдегі күрделі экономикалық ахуал жағдайында 2015 жыл оңай болмағанын атап өту қажет. Алайда, бұл жағдайларға қарамастан Холдингінің компаниялар тобы қойылған мақсаттарға табысты қол жеткізді. 2015 жыл үшін таза кіріс 49 млрд теңгеден асты, ол 2014 жылдың осындай көрсеткішінен 18,7% көп. Тұтастай алғанда, 2015 жылдың нәтижелері «Бәйтерек» холдингі ел экономикасын әртараптандыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына арналған өз Жолдауында «Біз жеке бастамаларды дамыта отырып, өсімнің жаңа

ішкі көздерін ашуға тиіспіз. Бюджет шығындарын «жеңілдету» үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі тетігін белсендірек қолдану қажет» деп атап өтті. Осы тапсырманы іске асыру шеңберінде Холдингке МЖӘ жүйесін дамыту, жеке шетелдік қорлар мен халықаралық қаржы ұйымдарының инвестицияларын тарту жөніндегі жұмысты жүргізу міндеті тұр. Холдингінің Директорлар кеңесі корпоративтік басқарудың үздік практикаларына адалдықтарын растайды және бұдан әрі жұмыстың тиімділігі мен ашықтығын арттыру үшін жәрдемдесуге ниетті.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, ҚР Премьер-Министрі

**Кәрім Мәсімов**


# КІРІСПЕ БӨЛІМ

## Негізгі көрсеткіштер



## Холдинг компаниялары тізбесінде 2015 жыл ішіндегі шоғырландырылған таза пайда, млн. теңге

Дереккөз: «Бәйтерек»



## Холдингтің негізгі қаржылық көрсеткіштері


	2013	2014	2015	Өзгеріс 2015/2014, +/-	Өзгеріс 2015/2014, %
<b>Активтер</b> млн. теңге	1,865,077	2,324,915	3,460,326	1,135,411	48.8
<b>Міндеттемелер</b> млн. теңге	1,190,020	1,525,169	2,597,327	1,072,158	70.3
<b>Кірістер</b> млн. теңге	150,180	173,896	291,765	117,869	67.8
<b>Шығыстар</b> млн. теңге	111,281	122,301	215,235	92,934	76.0
<b>Таза пайда</b> млн. теңге	29,422	41,614	49,382	7,768	18.7
<b>ROA</b> %	1.6	2.0	1.7		
<b>ROE</b> %	4.4	5.6	5.9		
<b>Борыш/капитал</b> %	1.8	1.9	3.0		
<b>Холдингтің жалпы активтеріндегі кредиттік және инвестициялық қоржынның үлесі</b> %	47	61	65		

# КІРІСПЕ БӨЛІМ

## Негізгі көрсеткіштер


### Негізгі көрсеткіштер / млн теңге /

Дереккөз: «Бәйтерек»



### Холдингтің активтері / млрд теңге /


Дереккөз: «Бәйтерек»



### Холдинг активтерінің 2015 жыл ішіндегі құрылымы, / % /


Дереккөз: «Бәйтерек»

- Қазына Капитал Менеджмент
- ОА
- «Даму»
- Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі
- Бәйтерек Девелопмент
- Қазақстан Даму банкі
- «Қазақстан ипотекалық компаниясы»
- «ҚазЭкспортГарант»
- Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік
- Қазақстанның ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры
- Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы
- Қазақстан инвестициялық қоры



### Холдинг тобы кірістерінің 2014 жылғы құрылымы


Дереккөз: «Бәйтерек»



- Негізгі қызметтен түсетін кіріс
- Қаржылық кіріс
- Бағам айырмасы бойынша кіріс
- Өзге де кірістер

### Холдинг тобы кірістерінің 2015 жылғы құрылымы


Дереккөз: «Бәйтерек»



- Негізгі қызметтен түсетін кіріс
- Қаржылық кіріс
- Бағам айырмасы бойынша кіріс
- Өзге де кірістер

### Холдинг тобы шығыстарының 2014 жылғы құрылымы

Дереккөз: «Бәйтерек»



- Қарыз бойынша шығыстар
- Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны
- Жалпы әкімшілік шығыстар
- Сату бойынша шығыстар
- Активтердің құнсыздану шығыстары
- Бағам айырмасы бойынша шығыстар
- Өзге де шығыстар

## КІРІСПЕ БӨЛІМ

### Негізгі көрсеткіштер


#### Холдинг тобы шығыстарының 2015 жылғы құрылымы

Дереккөз: «Бәйтерек»




#### Холдингтің кредиттік қоржыны, /млрд теңге/

Дереккөз: «Бәйтерек»



#### Холдингтің инвестициялық қоржыны, /млрд теңге/

Дереккөз: «Бәйтерек»



## №1 кейс

### ALAGEUM ELECTRIC



#### Компанияның бейіні

**Alageum Electric** — «бір қолдан толық аяқтап тапсыру» қызметтерінің толық кешенін: жобалауды, электр-техникалық өнім шығаруды, өнеркәсіптік жабдықтар жеткізуді және техникалық қызмет көрсетуді, құрылыс салуды және құрылыс материалдарын шығаруды, электр монтаждау мен іске қосу-жөндеу жұмыстарын орындауды білдіретін экспортқа бағдарланған электр-техникалық ірі холдинг.

#### Жоба

«Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағдарламасына компания «Шымкент қаласында кернеу класы 220 және 500 кВ трансформаторлар жасау зауытын салу» жобасымен қатысады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құралдары шеңберінде бағдарламаға қатысқан сәттен бастап Alageum Electric 4,4 млрд теңге мөлшерінде: 1,85 млрд — Орал трансформатор зауыты жобасын қаржыландыруға, 1,5 млрд — Кентау трансформатор зауытын экспорттық қаржыландыруға, 1 млрд — айналым капиталын қаржыландыруға қаржылық қолдау алды.

Alageum Electric мөлшерінде қаржылық қолдау

**4,4**  
млрд  
теңге алды

**1,85**  
млрд  
теңге

Орал трансформатор зауыты жобасын қаржыландыруға

**1,5**  
млрд  
теңге

Кентау трансформатор зауытын экспорттық қаржыландыруға

**1**  
млрд  
теңге

айналым капиталын қаржыландыруға

#### Тиімділік

2018 жылға қарай өсу бастамаларын іске асыру нәтижелері бойынша, сондай-ақ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қолдауымен «Ұлттық чемпиондар» бағдарламасының шеңберінде компания кірісті 19 млрд теңгеге ұлғайтуы, 200 жаңа жұмыс орнын құруы, 10 млрд теңге мөлшерінде қосымша ішкі инвестицияларды қамтамасыз етуі, сондай-ақ кернеу класы 220 және 500 кВ қуатты трансформаторлар шығаратын Қазақстандағы алғашқы зауытты пайдалануға енгізуі болжануда.

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Холдинг туралы  
Миссиясы, пайымы

## МИССИЯСЫ

Мемлекеттік саясатты іске асыру, әлеуметтік бағдардағы міндеттерді шешу және «Қазақстан – 2050» стратегиясында алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында экономиканың басым секторларын қаржыландыру және оларға қолдау көрсету арқылы Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу.

## ПАЙЫМЫ

«Бәйтерек» 2023 жылға қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің ел экономикасын әртараптандыруды, жаңғыртуды және тұрақты түрде дамытуды, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін негізгі қаржылық агентіне айналуға тиіс.

## Қызметінің стратегиялық бағыттары:

1. Экономиканың басым секторларына қаржылық қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуына жәрдемдесу
2. Шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсету.
3. Экономиканың осы заманғы жаңа салаларына қолдау көрсету және инновацияларды дамыту.
4. Қазақстандық компаниялардың экспорттық қызметіне қолдау көрсету.
5. Мемлекеттің әлеуметтік бағдардағы міндеттерін шешуге жәрдемдесу.



## Холдингтің тарихы 2013

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығымен Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту мақсатында құрылды. Холдингтің негізгі міндеті – өзіне меншік құқығымен тиесілі және ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялар мен басқа да заңды тұлғалардың сенімгерлікпен басқаруға берілген акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару. Холдингтің құрамына бұрын мемлекеттік органдардың басқаруында болған 11 даму институты кірді.

## 2014

Холдинг 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» дағдарысқа қарсы бағдарламасының операторына айналды. Холдинг ҚР Ұлттық қорының қаражатынан 273 млрд теңгені, оның ішінде 200 млрд теңгені өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін, 50 млрд теңгені Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі жобаларды қаржыландыру үшін және 23 млрд теңгені Астанадағы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын қаржыландыру үшін тартты. Холдингтің құрылымында 2013 және 2014 жылдары республикалық бюджеттің қаражатынан бөлінген 20,4 млрд теңге капиталдандыруымен Kazakhstan Infrastructure Fund инфрақұрылымдық қоры құрылды. Қордың инвестициялық стратегиясында энергетика, көлік, телекоммуникация, жаңартылатын энергетика, әлеуметтік инфрақұрылым сияқты экономиканың басым секторларындағы инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігі арқылы іске асырылатын жобаларды іске асыру көзделді. Елдің инфрақұрылымдық дамуына жәрдемдесу үшін холдинг және «Қазақстан МЖӘ орталығы» АҚ (тиісінше 75% және 25% үлестерімен) «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығын» құрды. Холдингтің құрылымында экономиканың басым секторларына инвестиция салуға арналған венчурлық қор – Baiterek Venture Fund құрылды.

## Компанияның құрылымы





# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## Еншілес компаниялардың сипаттамасы



«Қазақстанның Даму банкі» АҚ  
(ҚДБ)

ҚДБ «Қазақстанның Даму банкі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі № 178-II Заңына сәйкес құрылды. ҚДБ – қызметінің негізгі мақсаты мемлекеттік инвестициялық қызметті жақсарту және оның тиімділігін арттыру, өндірістік инфрақұрылым мен өңдеуші өнеркәсіпті дамыту болып табылатын ұлттық даму институты.

ҚИҚ ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы № 501 қаулысына сәйкес құрылды. ҚИҚ – стресті активтерді қайта құрылымдау және басқару саласындағы мемлекеттік даму институты және басқарушы компания. ҚИҚ негізгі қызметі экономиканың жекелеген салаларына инвестицияларды жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға жәрдемдесу және тәуекелдік инвестициялар қоржынын басқару болып табылады.

INVESTMENT FUND  
OF KAZAKHSTAN

«Қазақстанның инвестициялық  
қоры» АҚ (ҚИҚ)

КЭГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы № 442 қаулысына сәйкес құрылды. КЭГ Қазақстан Республикасының экспорттық-кредиттік агенттігі функцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған жалғыз сақтандыру ұйымы болып табылады.

KazExportGarant

«ҚазЭкспортГарант» экспорттық  
сақтандыру корпорациясы» АҚ  
(КЭГ)

«Даму» ҚДҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 Жарлығына сәйкес құрылды. Қордың негізгі қызметі – коммерциялық банктер арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарына және шағын қаржы ұйымдарына кредит беру, бұл ретте түпкі қарыз алушылардың кредиттері бойынша кредиттік тәуекел коммерциялық банктерге беріледі.



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту  
қоры» АҚ («Даму» ҚДҚ)

ТДҰА Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 836 қаулысына сәйкес 2012 жылғы 20 наурызда құрылды. Агенттіктің негізгі қызметі – инновациялық даму процестеріне көмек көрсету және қолдау және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну; инновациялық инфрақұрылым құруға, технологиялар трансфертіне, басқарудың озық әдістерін енгізуге, Қазақстан Республикасында өңірлік технологиялық парктер құруға және дамытуға көмектесу және қатысу.



«Технологиялық даму жөніндегі  
ұлттық агенттік» АҚ (ТДҰА)

ҚКМ-ды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2007 жылғы 7 наурызда Қазақстан Республикасының Үкіметі құрды. ҚКМ-ның негізгі қызметі инвестициялық қорлар құру және оларға қатысу және қаржы құралдарына инвестициялар салу болып табылады.



«Қазына Капитал Менеджмент»  
АҚ (ҚКМ)



«Қазақстанның тұрғын үй  
құрылыс жинақ банкі» АҚ  
(ҚТҚЖБ)

ҚТҚЖБ Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылыс жинақтарын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі № 364 қаулысына сәйкес құрылды. Банк тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін іске асыратын елдегі жалғыз банк болып табылады. Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі тұрғын үй құрылыс депозиттеріне салымшылардың ақшасын тарту және оларға тұрғын үй қарыздарын беру арқылы халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған.

ҚИК Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы № 469 қаулысына сәйкес 2000 жылғы 29 желтоқсанда құрылды. Компания реттеуші органдардың лицензиясына сәйкес ипотекалық кредиттерді беруге, сондай-ақ, сенімгерлік басқару, факторинг, форфейтинг және лизинг операцияларын жүзеге асыруға арналған.



«Қазақстан ипотекалық  
компаниясы» ипотекалық ұйымы»  
АҚ (ҚИК)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД ГАРАНТИРОВАНИЯ ИПОТЕЧНЫХ КРЕДИТОВ

«Қазақстанның ипотекалық  
кредиттерге кепілдік беру қоры»  
АҚ (ҚИКҚК)

ҚИКҚК Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы №386 қаулысына сәйкес 2003 жылғы 10 қарашада құрылды. Қордың мақсаты кредиторлармен (екінші деңгейдегі банктермен және ипотекалық ұйымдармен), сақтандыру ұйымдарымен және инвесторлармен кредиттік тәуекелдерді бөлісу жолымен кредит берудің ипотекалық бағдарламаларына халықтың қол жетімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады. ҚИКҚК – коммерциялық емес ұйым және ипотекалық кредиттерге кепілдік беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

БД Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 қарашадағы № 996 қаулысына сәйкес 2008 жылғы 19 қарашада құрылды. БД негізгі қызметі банктік сектордың активтерінің сапасын жақсарту және инвесторлардың банктік секторға сенімін арттыру жолымен қаржылық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету.



«Бәйтерек Девелопмент» АҚ (БД)

ТОО «Мемлекеттік-жеке меншік  
әріптестік жобаларын сүйемелдеу  
орталығы» ЖШС (МЖӘ ЖСО)

МЖӘ ЖСО Қазақстан Республикасының МЖӘ жөніндегі үйлестіру кеңесінің шешіміне сәйкес 2014 жылғы 19 наурызда құрылды. Орталықтың негізгі қызметі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын құрылымдау және сүйемелдеу, инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды талдау және оларды іске асыру мүмкіндіктерін бағалау бойынша қызметтер көрсету, жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қамтамасыз ету болып табылады.

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## Экономиканы шолу


### Макроэкономика

Қазақстан Республикасы экономикасының өсімі 2015 жылы 1,2% құрады. Өсім қарқынының төмендеуі мынадай негізгі үш факторға байланысты: 2015 жылы жалғасын тапқан мұнай бағасының және Қазақстан экспортының негізін құрайтын басқа да биржалық позициялардың төмендеуі, Ресей Федерациясының экономикасындағы рецессия, Қытайдағы өсім қарқынының азаюы; екі ел де Қазақстанның басты сауда әріптестерінің үштігіне кіреді.

ІЖӨ құрылымында дәстүрлі түрде өнеркәсіп үстемдік етеді (24,9%), көтерме және бөлшек сауда (16,7%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (8,8%), сондай-ақ көлік және қоймалау (8,5%). Өндіріс көлемінің өсуі 1,4% қысқаруды көрсеткен өнеркәсіптен және үй шаруашылығы қызметінен (-1,7%) басқа, экономиканың барлық секторларында сақталды. Көтерме және бөлшек сауда 1,2%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар 2,8% артты. Көлік және қоймалау секторындағы өсім – 6,0%. Нақты сектордағы ең жоғары өсім ауыл шаруашылығында болды – 4,1%. Құрылыс 4,3% өсті.


Жыл қорытындылары бойынша инфляция 13,6% құрады. Бұл өткен 6 жыл ішіндегі барынша жоғары нәтиже – ол негізінен тамыз – желтоқсан аралығында орын алған еркін айырбасталатын валюталарға қатысты теңге бағамы девальвациясының салдарынан болды. Биржа тауарларынан түсімдердің азаюы жағдайында Қазақстанның сауда балансы профицитінің 57,9%-ға, 38,8-ден 15,5 млрд долларға дейін елеулі түрде әлсіреуі орын алды.

Өткен жыл ішінде ЕДБ активтерінің көлемі 36,9% артты. Қаржы институттары активтерінің валюталық бөлігін қайта бағалау өсімнің аса маңызды факторларының біріне айналды.




### ҚР ІЖӨ серпіні, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК




### 2015 жылғы ҚР ІЖӨ құрылымы, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК




### ҚР-дағы тұтынушылық баға индексі, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК




### Айырбастау бағамы (теңге/долл.) және Brent бағасы (бір баррель үшін доллар; оң шәкіл)

Дереккөз: ҚР ҰБ, US EIA




### ҚР сауда балансы, млрд долл.

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



### ҚР ЕДБ активтері (желтоқ.), трлн теңге

Дереккөз: ҚР ҰБ



■ Ішкі активтер  
■ Сыртқы таза активтер

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП


## Экономиканы шолу

### Өнеркәсіп

Қазақстан экономикасының өнеркәсіп секторы 2015 жылы 1,4% төмендеуді көрсетті. Теріс нәтиже төрт өнеркәсіп секторының үшеуіндегі құлдыраумен байланысты болды. Шикі мұнай өндірудің азаюынан (80,8-ден 79,5 млн. тоннаға дейін – 1,7%) кен өндіру мен карьерлер қазу жылды 2,4% төмендеумен аяқтады. Электр энергиясын өндірудің азаюы жағдайында (3,7% - 91,07 млрд кВт/с дейін) энергетикалық сектордағы өндіріс 1,6% қысқарды. «Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтар жинауды және бөлуді бақылау» секторындағы серпін де теріс – минус 11,1%. Өнеркәсіптің оң мәндер аймағын сақтап қалған жалғыз секторы болып өңдеу өнеркәсібі ғана қалды. Сектор ең аз 0,2% өсімімен металлургиядағы өндірістің өсіміне (14,4%), құрылыс тауарларының өндірісіне (4,8%), химия өнеркәсібіне (2,6%) қарыздар. Ағаш өңдеу өндірісі 4,3%, жеңіл өнеркәсіп – 3,4% артты. Тамақ өнеркәсібі мен фармацевтика ең аз өсімді көрсетті – 0,9%. Машина жасаудағы өндіріс көлемі айтарлықтай 29,6% төмендеді. Мұнай өңдеу көлемінің азаюы неғұрлым қалыптырақ – минус 3,2%.


### ҚР өнеркәсіп серпіні, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК




### 2015 жылы секторлар салымы бойынша ҚР өнеркәсібінің құрылымы, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



### Өңдеу өнеркәсібі негізгі секторларының серпіні, %


Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



## Инвестициялар

### ҚР негізгі капиталға инвестициялар (млрд теңге) және олардың серпіні (%; оң шәкіл)


Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша «Қазақстан сарапшысының» есептері



Өткен жыл ішінде негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлемі 3,7% өсімді көрсетіп, 7,025 трлн теңгені құрады. Жыл қорытындылары бойынша инвестициялар көлемінің ІЖӨ-ге қатынасы 17,2% құрады. Өнеркәсіп барлық инвестициялардың жартысынан көбін тартады – 54,2%, сектор салмағы бойынша келесісі – көлік және қоймалау (16,6%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (11,4%). Инвестицияларды қаржыландыру көздері құрылымында меншікті қаражат (58,1%) және мемлекеттік бюджет қаражаты (18,0%) басымдыққа ие. Шетелдік кредиттер мен қарыздарға 14,9% келеді, 9,1% - қазақстандық ЕДБ кредиттері және резиденттерден алынған қарыздар.


### 2015 жылы салым бағыттары бойынша ҚР экономикасына инвестициялардың құрылымы, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша «Қазақстан сарапшысының» есептері



### 2015 жылы қаржыландыру көздері бойынша ҚР экономикасына инвестициялардың құрылымы, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша «Қазақстан сарапшысының» есептері



# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП


## Экономиканы шолу

### Холдингтің үлесі

2015 жылдың қорытындылары бойынша тікелей кредит беру шеңберінде өңдеу өнеркәсібі мен өндірістік инфрақұрылымдағы (энергетика, көлік және байланыс) жобалар 262 млрд теңге сомасына қаржыландырылды, бұл өткен жыл ішіндегі көрсеткіштен 13%, немесе 31 млрд теңгеге артық. 2013-2015 жылдардағы кезең ішінде экономиканың шикізаттық емес салаларына ұзақ мерзімді кредит берудегі холдингтің тікелей кредиттерінің үлесі 19%-дан 40% дейін ұлғайды. Банкаралық кредит беруге бөлінген қаражатты ескергенде, шикізаттық емес кәсіпорындарға ұзақ мерзімді кредит берудегі холдингтің үлесі 58% құрады. Осылайша, өңдеу өнеркәсібі мен өндірістік инфрақұрылымға ұзақ мерзімді кредитке берілген әрбір екінші теңге, – холдингтің инвестициялары.


### Экономиканың шикізаттық емес салаларына ұзақ мерзімді кредит берудегі Холдинг қаражатының үлесі, млрд теңге

Дереккөз: «Бәйтерек»




### ҚР ЖӨӨ-дегі шағын және орта бизнес ЖҚҚ үлесі, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК





### Шағын және орта бизнес

Елдегі экономикалық жағдайды ескергенде, 2015 жылы Қазақстан экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесі 2014 жылмен салыстырғанда 0,6% азайып, 25,6% құрады, Қазақстанда тіркелген ШОБ субъектілері санының 7%, 1,53 млн бірлікке дейін азаюы байқалды. Бұл ретте елдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санындағы ШОБ субъектілерінің үлесі 2014 жыл деңгейінде сақталды – 96%. ШОБ субъектілерінің құрылымында жеке кәсіпкерлер молырақ, олардың үлесі 72,1% құрайды. Шаруа қожалықтарының үлесі – 14,0%, шағын компаниялар – 13,6%, орташа компаниялар – 0,2%.





### Тіркелген ШОБ субъектілер санының серпіні

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



### ҚР ШОБ құрылымы (2016 ж. 1 қаңт.), %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



### Холдингтің үлесі

Холдингтің 2015 жылы көрсеткен қаржылық қолдау көлемі қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің артуына теріс әсерді азайтуға мүмкіндік берді және теңге қарыздары тапшылығын азайтты. ҚР ҰБ деректері бойынша жалпы кредиттік қоржын құрылымындағы ШОБ кредиттерінің үлесі 2015 жыл ішінде 4,1% ұлғайды және 23,5% немесе 3,66 трлн теңгені құрады. ШОБ жұмыс істемейтін кредиттерінің (90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің) үлесі 2,8% азайды және 11% немесе ШОБ жалпы қоржынының 401,7 млрд теңгесін құрады.

### Тұрғын үй құрылысы және ипотекалық кредит беру

Өткен жылы құрылыс секторының қарқыны экономикадағы ең тұрақтылардың бірі болып шықты: құрылыс 2014 жылдың қорытындылары бойынша 4,6% өсімнен кейін 4,3% өсімді көрсетті. Өткен жылы ҚР-да 8,94 млн шаршы м тұрғын үй пайдалануға берілді, өсім 18,9% құрады. Құрылыстағы баға өсу қарқынының баяулауын көрсетеді. 2015 жылы құрылыстағы инфляция 2,8% құрады – бұл соңғы 6 жыл ішіндегі ең төменгі көрсеткіш.

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## Экономиканы шолу

### Холдингтің үлесі

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру шеңберінде холдинг 13 792 отбасыны тұрғын үймен қамтамасыз етті. Пәтерлердің жалпы алаңы – 829,5 мың шаршы м, оның ішінде:

- 425,4 мың шаршы м тұрғын үй (7 234 пәтер) «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ тұрғын үйі» бағыты бойынша;
- 404 мың шаршы м тұрғын үй (6 558 пәтер) «Қазақстанның тұрғынүйқұрылысжинақбанкі» АҚ желісі бойынша.


ЕДБ мен ипотекалық компаниялар тұрғын үй салуға және сатып алуға кредит беруінің жалпы көлеміндегі холдингтің үлесі 31,8% құрады (2015 жылдың қорытындылары бойынша ЕДБ мен ИК жалпы кредиттік қоржыны 1,136 трлн теңгені құрады), оның ішінде: «Қазақстанның тұрғынүйқұрылысжинақбанкі» АҚ кредиттік қоржыны 2015 жылдың соңында 279 млрд теңге деңгейіне немесе ипотекалық кредит беру нарығының 24,6% жетті; «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ИҰ кредиттік қоржыны - 81,8 млрд теңге, немесе 7,2%.

2015 жылдың қорытындылары бойынша азаматтардың тұрғын үй проблемаларын шешуге бағытталған холдингтің тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіне қатысушылардың экономикалық белсенді халыққа (ЭБХ) шаққандағы үлесі 7,1% жетті.

Бұл ретте осы көрсеткіштің 2013 жылдың соңындағы 4,0% мөлшеріндегі үлестен 2015 жылдың соңындағы 7,1% дейінгі елеулі өсімін атап өткен жөн.


### ҚР құрылыс секторының серпіні (%) және пайдалануға енгізілген ғимараттардың жалпы ауданы (млн. шаршы м; оң шәкіл)

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК




### Құрылыстағы баға индексі, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



### Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіне қатысушылардың ЭБХ шаққандағы үлесі

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## Даму стратегиясы

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 674 қаулысымен бекітілді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 10 маусымдағы шешімімен (№ 20/14 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді, оның орындалуы туралы есеп әрбір жарты жылдық сайын директорлар кеңесіне беріледі. Холдинг өз миссиясын және пайымын іске асыру мақсатында негізгі бес бағыт бойынша жұмыс жүргізеді:

### 1. Экономиканың басым секторларын қаржылық қолдау арқылы Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты дамуына жәрдемдесу

#### Кредиттеу және инвестициялау тетіктері арқылы экономиканы қаржыландыруды қамтамасыз ету.

Холдинг осы бағыттың шеңберінде қолда бар және тартылған қаражаттың есебінен берілетін кредиттер мен тікелей инвестициялардың көлемін ұлғайту, даму институттарының қолдауымен іске асырылатын Қазақстан экономикасындағы жобалардың өндірісі көлемінің үлесін арттыру бойынша жұмыс жүргізуде. Өнеркәсіптің ИИДМБ сәйкес белгіленген басым секторлары холдингтің назарында болады.

## МЖӘ жобаларының іске асырылуын қолдау холдинг қызметінің маңызды міндеті болып табылады.

#### Инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде МЖӘ жобаларын құрылымдауды және қаржыландыруды қамтамасыз ету.

МЖӘ жобаларының іске асырылуын қолдау холдинг қызметінің маңызды міндеті болып табылады. Жобаларды неғұрлым тиімдірек құрылымдау үшін холдинг МЖӘ жобаларын сүйемелдеу орталығын құрды.

#### Экономиканы қаржыландырудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету бойынша жеке меншік қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасасу.

Холдинг жеке инвестициялар тартуға және мемлекеттік қаражатты инвестициялауға мультипликативтік әсерді қамтамасыз етуге назар аударады. Осы міндетті шешу үшін холдинг компанияларының тобы тең инвестициялауға қатысу үшін жеке меншік сектормен, сондай-ақ экономикаға қосымша қаржыландыру тарту үшін халықаралық қаржы институттарымен және екінші деңгейдегі банктермен ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды дамытады.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Даму стратегиясы

2.

Шағын және орта  
кәсіпкерлікті қолдау

**ШОБ кәсіпорындарын қаржылық қолдауды қамтамасыз ету.**

Холдингінің қызметі ШОБ үшін қаржыландырудың қол жетімділігін арттыруға бағытталған. Холдинг сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және ШОБ субъектілерінің кредиттеріне кепілдік беру және екінші деңгейдегі банктер мен лизингтік компаниялар арқылы ШОБ субъектілерін қаржыландыру бойынша жұмыс жүргізуде.

**ШОБ субъектілерінің құзыреттерін дамыту.**

Холдинг ШОБ құзыреттерін дамыту жөніндегі қызметтерге әлеуетті және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізуде. Кәсіпкерліктің консультациялық орталықтарында оқыту көзделген, оларда консультациялар және холдинг еншілес ұйымдарының шеңберінде бастапқы құжаттарды қабылдау жүргізіледі, оларды кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық бағдарламаларына қатысуға дейін жеткізу мақсатында кәсіпкерлік іс құруға және/немесе дамытуға консультациялық/консультациялық-практикалық қолдау көрсетіледі.

3.

Экономиканың жаңа,  
қазіргі заманғы  
салаларын қолдау және  
инновацияларды дамыту

**Экономиканың жаңа салаларын және инновациялық жобаларды қаржылық қолдауды қамтамасыз ету**

Экономиканың жаңа салаларын және инновациялық жобаларды қаржылық қолдауды қамтамасыз ету мақсатында, Холдинг перспективалық инновациялық идеяларды, әзірленімдер мен технологияларды коммерциаландыруға инновациялық гранттар береді.

4.

Қазақстандық  
компаниялардың  
экспорттық қызметін  
қолдау

**Экспорттық сақтандыруды және сауданы қаржыландыруды дамыту**

Холдинг шикізаттық емес экспортты атаулы қолдауды жүзеге асырады, оның негізгі құралдары экспорттық келісімшарттар бойынша төлемді кейінге қалдыруды сақтандыру, құжаттамалық аккредитивтерді сақтандыру, экспорттық сауданы қаржыландыру және экспорт алдындағы қаржыландыру болып табылады.

5.

Мемлекеттің әлеуметтік  
бағдарланған міндеттерін  
шешуге жәрдемдесу

**Тұрғын үй-құрылыс жинақтары жүйесін дамыту**

Холдинг тұрғын үй-құрылыс жинақтары жүйесіне халықтың қол жетімділігін арттыру мақсатында ұсынылатын өнімдердің шарттарын (мөлшерлемелері, комиссиялары, өтінімдерді қарау мерзімін және байланысты бизнес-процестерді қысқарту) жетілдіруді тұрақты түрде жүргізеді.

**«Кейіннен сатып алу арқылы жалға беру» құралын дамыту және ипотекалық тұрғын үй нарығын қолдау**

Холдинг жалдамалы және кредиттік тұрғын үйдің құрылысын қаржыландыру бойынша жәрдем көрсетеді.

№2 КЕЙС

ALINA СӨТ



## Компанияның бейіні

**Alina сауда-өнеркәсіптік тобы**

Alina компаниялары тобының бір бөлігі болып табылады және құрғақ құрылыс қоспаларын, лак-бояу өнімдерін, құрылыс гипсі мен әшекейлеу-әрлеу материалдарын шығару бойынша Орталық Азия мен Ресейдегі аса ірі топты білдереді. Компания шикізатты өндіру мен оны қайта өңдеуден бастап дайын өнімді түпкі тұтынушыға сатуға дейінгі өндірістің толық циклын жүзеге асырады. Alina филиалдары іс жүзінде Қазақстан мен Орталық Азияның барлық ірі қалаларын қамтиды. Зауыттарда шығарылатын өнімдер – олар ескі ғимараттарды жөндеу және жаңаларын әрлеу кезінде қолданылатын әрлеу материалдары, оларға сылақ, тығындағыштар, сырлар, желімдер, лактар, ГКТ-ға арналған қоспалар, гидрооқшаулағыш, құйма едендер, жіктерді бітегіштер және басқалар кіреді.

## Жоба

Компания «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағдарламасының шеңберінде айналым капиталын толықтыруға 1 млрд теңге мөлшерінде қаржыландыру, сондай-ақ Қаратаудағы мәрмәр өндіру жөніндегі зауыттың құрылысына 700 млн теңгеге жуық сомада инвестициялық қарыз алды. Зауыттың күтілетін жобалық қуаты – 110 мың тонна мәрмәр толықтырғышы, түсімнің жылдық көлемі – 1,4 млрд теңгеге дейін.



Зауыттың күтілетін  
жобалық қуаты

**110**  
мың тонна  
мәрмәр  
толықтырғышы

түсімнің жылдық  
көлемі

**1,4**  
млрд теңгеге  
дейін



## Тиімділік

Тұтастай алғанда, 2018 жылға дейін Alina сауда-өнеркәсіптік тобы бойынша түсімнің жылына 15% дейінгі өсімі, сондай-ақ қосымша 450 жұмыс орындарын құру күтіледі.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2015 жылдың негізгі оқиғалары

### «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру

Холдингтің төрт еншілес ұйымы («Қазақстан Даму банкі» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ, «Қазақстан ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ) Инфрақұрылымдық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда.

2015 жылы бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 277,5 млрд теңге мөлшерінде қаражат бөлінді.

### Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасына қатысу

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы қаулысымен «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Бағдарламаның холдинг іске асыратын негізгі бағыттарының бірі қол жетімді жалдамалы тұрғын үй құрылысы болып табылады.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру шеңберінде холдинг «ҚИК» ИҰ» АҚ тұрғын үйі» бағыты бойынша 425,4 мың шаршы м тұрғын үйді (7 234 пәтер) пайдалануға енгізді және «Қазақстанның тұрғынүйқұрылысжинақбанкі» АҚ желісі бойынша 404 мың шаршы м тұрғын үйді (6558 пәтер) сатып алуды қамтамасыз етті.

### Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат тарту

2015 жылы холдинг Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан 315,6 млрд теңге, оның ішінде 100 млрд теңгені өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін, 92,5 млрд теңгені тұрғын үй салуды және оны кейіннен жалға тапсыруға сатып алуды қаржыландыру үшін, 85 млрд теңгені отандық өнім өндірушілер мен экспорттаушыларды қаржыландыру үшін және 38,1 млрд теңгені ЭКСПО-2017 аумағындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын қаржыландыру үшін тартты.

## Капиталдандыру

2015 жылы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатынан 40 млрд теңгеге капиталдандыру жүргізілді.

### Кредиттік рейтингтерді қолдау

2015 жылғы шілдеде Fitch Ratings халықаралық рейтинглік агенттігі холдингтің кредиттік рейтингін елдің кредиттік рейтингі деңгейінде (BBB+) растады.

2015 жылғы ақпанда Standard & Poor's халықаралық рейтинглік агенттігі елдің кредиттік рейтингінің төмендеуінен кейін холдингтің кредиттік рейтингін төмендетті (BBB).

2015 жылғы шілдеде мемлекеттік қолдау алу ықтималдығы бағасының өзгеруіне байланысты Standard & Poor's холдингтің кредиттік рейтингін елдің кредиттік рейтингінен төмен деңгейге (BBB-) төмендетті.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу

Холдинг өкілдері Кәсіпкерлік кодекстің жобасы мен ілеспе заң жобасы бойынша Парламент Мәжілісінің қабырғасында құрылған жұмыс тобының құрамына енгізілді.

Осы жұмыс тобының шеңберінде төмендегі ережелерді бекітуге бағытталған түзетулер пысықталды:

- кәсіпкерлікті дамыту арнайы қорының қызметін нақтылау және жетілдіру («Даму» қоры қызметінің мақсаттары);
- ұлттық басқарушы холдингтің («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) құқықтық мәртебесі;
- ұлттық даму институты ретіндегі Қазақстан инвестициялық қорының құқықтық мәртебесі, жарғылық капиталға ену жағдайлары, берешекті қайта құрылымдау және т.б.

Ілеспе заң жобасының шеңберінде «Қазақстанның Даму банкі туралы» және «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер пысықталды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының шеңберінде холдинг өкілдері Өңірлерді дамыту бағдарламасының шеңберінде мүлікке, жеке

тұлғаларға сатып алу құқығымен және онысыз жалға берілген тұрғын үйге салық салу жөніндегі салық міндеттемелерін айқындаудың ерекше тәртібін салық заңнамасында белгілеу мәселесін пысықтады.

Сондай-ақ 2015 жылы холдинг басқармасы төрағасының орынбасары Алина Алдамберген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның мүшесі ретінде осы алқалы органның 31-отырысына қатысты.

### Халықаралық қызмет нәтижелері

2015 жылы холдинг басшылығы 90 жуық халықаралық кездесу өткізді, шетелдік ірі компаниялармен және халықаралық қаржы институттарымен 10 миллиард доллардан астам сомаға 15-тен астам келісімдерге және меморандумдарға қол қойылды, бірқатар халықаралық іс-шаралар ұйымдастырылды.

### Қытай бағыты

2015 жылғы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыты Қытай болып табылады.

2015 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімовтің Қытай Халық Республикасына ресми сапары барысында Пекинде 4 келісімге қол қойылды:

1. Қазақстан Даму банкі (ҚДБ) мен Қытай Мемлекеттік Даму банкінің арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.
2. ҚДБ мен Қытай Экспорттық-импорттық банкі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.
3. ҚДБ мен Қытай Мемлекеттік Даму банкінің арасындағы ҚДБ инвестициялық жобаларына 650 млн доллар сомасындағы кредиттік шарт.
4. ҚДБ мен Экспорттық-импорттық банкі арасындағы ҚДБ инвестициялық жобаларына

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

## Халықаралық қызмет нәтижелері

500 млн доллар сомасындағы кредиттік шарт. Осы кредиттік шарт Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ҚХР сапары барысында 2009 жылы қол қойылған 5 млрд доллар сомасына Энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімнің шеңберінде жасалды.

Мемлекет басшысының 2015 жылғы 22 тамыз – 2 қыркүйектегі Пекинге сапары шеңберінде басым индустриялық жобаларға қаржыландыру тартуға бағытталған үш келісімге қол қойылды:

1. Қазақстан Республикасының индустрияландыру жобаларын қаржыландыру мүмкіндігі туралы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен Қытай банкі арасындағы индикативті түрде 5 млрд долларға ынтымақтастық туралы меморандум.

2. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен CITIC Group арасындағы Kazakhstan Infrastructure Fund бірлесіп қатысу және кеңейту туралы келісім (қордың жалпы капиталдануы 600 млн долларды құрайды).

3. «Самұрық-Энерго» АҚ, ҚДБ және Қытай Мемлекеттік Даму банкі арасындағы жалпы сомасы 120 млн доллар жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасы бойынша қаржыландыруды ұйымдастыру туралы негіздемелік келісім.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қытай Халық Республикасына желтоқсандағы (2015 ж.) ресми сапары барысында тағы екі келісімге қол қойылды:

1. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен Жібек жолы қорының арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум (индустриялық жобалар үшін 2 млрд долларға дейін қаржыландыру тарту мүмкіндігі туралы).

2. China Export & Credit Insurance Corporation пен ҚДБ арасындағы сақтандыру өтеуі туралы ынтымақтастық туралы негіздемелік келісім (400 млн доллар сомасына).

## Жапония бағыты

2015 жылғы қазанда Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэнің Қазақстан Республикасына ресми сапары кезінде ҚДБ жалпы корпоративтік мақсаттарға 37,3 млн доллар сомасына SUMITOMO MITSUI BANKING CORPORATION EUROPE LIMITED компаниясымен кредиттік келісімге қол қойды.

## Еуропа бағыты

2015 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлыбританияға және Францияға ресми сапарының шеңберінде мынадай келісімдерге қол қойылды:

1. ҚДБ мен The Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ арасындағы бірқатар экспорттық кредиттік агенттіктерді бір миллиард евроға дейінгі сомада сақтандырулық қолдау кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсаттары үшін жобаларды қаржыландыру туралы негіздемелік келісім.

2. «Даму» қоры мен Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) арасындағы 50 млн доллар сомасындағы кепілдіктер және залалды өтеу туралы шарт.

3. ҚИҚ пен The Float Glass Consortium Limited арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

4. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен француздың «BPI France» компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

5. Автомобиль өнеркәсібін дамыту және автомобильдер экспорты туралы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Сарыарқаавтоөнеркәсіп» ЖШС және Peugeot France арасындағы ынтымақтастық туралы негіздемелік келісім.

6. ҚДБ мен Францияның COFACE экспорттық кредиттік агенттігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

7. Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысындағы инфрақұрылымдық жобаны бірлесіп іске асыру туралы ҚКМ мен Veolia Water Solutions and Technologies JSC арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

2015 жылғы 8 шілдеде Берлинде 8-ші Қазақстан-Герман іскерлік кеңесінің отырысы болып өтті, оған Германияның қаржы институттары және холдинг басқармасы қатысты. Іскерлік кеңестің барысында 10-нан астам іскерлік кездесулер өткізілді, Қазақстандағы неміс компаниялары үшін қаржы мүмкіндіктері, тау-кен өнеркәсібіндегі ағымдық жобалардың іске асырылу мәртебесі және Қазақстандағы ірі кәсіпорындардың энергия тұтынуын басқару мәселелері талқыланды.

2015 жылғы 23-25 қыркүйекте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ делегациясының Францияға сапары болды, оның барысында Қазақстан-Француз іскерлік кеңесі өткізілді. Іскерлік кеңестің шеңберінде француз компанияларымен 13 жуық кездесу өткізілді, оларда жобаларды бірлесіп іске асыру мәселелері талқыланды.

## Форумдар

2015 жылғы мамырда Астана экономикалық форумының шеңберінде холдингтің Халықаралық ынтымақтастық департаменті, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Еуропа және Азия форумын ұйымдастырды. Форумның негізгі мақсаты Еуропа мен Азия экономикаларын одан әрі ықпалдастыруға арналған жолдарды зерделеу болды. Спикерлер ретінде Романо Проди, Альфред Гузенбауэр, Александр Квасневский, Эхуд Барак және т.б. сияқты белгілі саяси қайраткерлер шақырылды. Форумның шеңберінде екі сессия ұйымдастырылды: «Әлемдік дамуды жаңарту үшін Еуропа мен Азияның арасындағы әріптестікті нығайту» және «Еуропа мен Азияда мемлекеттік және жеке инновациялық ұмтылыстарды жандандыру үшін бәсекелес экожүйелер құру».

Форумда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі екі құрлықтың инновациялар саласындағы ортақ күшін біріктіруге арналған бағдарламаны іске қосу туралы хабарлады.

## Еншілес

## ұйымдардың халықаралық ынтымақтастығы

• 2015 жылғы наурызда Қазақстанның инвестициялық қоры «Табақты әйнек жасау және оны өңдеу зауытын салу» инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында Американың «Stewart Engineers, Inc.» компаниясымен зауытты толық аяқтап тапсыру шарттарында шамамен 190 млн доллар (33,7 млрд теңге) сомасында ЕРС-келісімшарт жасасты.

• «Даму» қоры Кореяның, Германияның, Малайзияның, Нидерландының, Сингапурдың, Түркияның, Францияның және Жапонияның халықаралық қаржы ұйымдарымен, сондай-ақ Азия даму банкімен (АДБ), ЕҚДБ және Дүниежүзілік банкпен ынтымақтастықты, оның ішінде ШОБ дамытуға қарыз тарту мәселелері бойынша ынтымақтастықты белсенді түрде жүргізуде.

• 2014 жылғы мамырда АДБ мен ҚР Үкіметі арасында жасалған Әріптестік туралы негіздемелік келісімнің шеңберінде, АДБ 2016 жылы «Даму» қорына мемлекеттің кепілдігімен 200 млн доллар мөлшерінде қарыз бөлу мүмкіндігін пысықтауда. АДБ сондай-ақ ҚР Ұлттық экономика министрлігімен Қазақстан Республикасында Апекс қорын (микроқаржы

ұйымдарының қаржы ресурстарына қол жетімділігі мүмкіндіктерін кеңейту, өңірлердегі қаржы қызметтерін ілгерілету және кәсіпкерлік белсенділікті қолдау мақсатында инвесторлардың қаржылық салымдары есебінен құрылған мекеме) құру мәселесін де пысықтауда.

• Бұған дейін, Қазақстанда шағын және орта бизнесті қаржыландыру жөніндегі АДБ инвестициялық бағдарламасын іске асыру мақсатында, 2011 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Үкіметі, АДБ және «Даму» қоры арасында Негіздемелік келісім жасалды, оның шеңберінде АДБ қаржыландырудың мультитранштық тетігі нысанында 500 млн доллар сомасына кредиттік желі ашты. «Даму» қоры барлық транштарды ҚР Үкіметінің мемлекеттік кепілдігімен тартты (қарыздың 1-ші траншы – 22,2 млрд теңге 2011 жылы, 2-ші транш – 122 млн доллар 2014 жылы алынды). АДБ қарызының 228 млн доллар мөлшеріндегі соңғы траншын «Даму» қоры 2015 жылғы қазанда алды.

• Қазақстан Даму банкі жоғарыда көрсетілген келісімдерден басқа, Ресей Федерациясының, ҚХР, Беларусь Республикасының, Францияның ірі ұйымдарымен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды.

• Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік есепті кезең ішінде Ұлыбританияның, Түркияның, ҚХР, Оңтүстік Кореяның және Ресей Федерациясының ғылыми ұйымдарымен технологиялық ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды.

• Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі Австрияның, Бельгияның, Люксембургтің, Испанияның, Ресей Федерациясының қаржы ұйымдарымен, сондай-ақ АДБ-мен іскерлік байланыстар орнату және тұрғын үй құрылысын қаржыландыру саласындағы әлемдік тәжірибемен танысу және көрсетілген елдердің қаржы институттары мысалында қосымша қаржыландыру көздерін тарту мүмкіндіктерін зерделеу мақсатында ынтымақтастық жүргізуде. 2015 жылғы шілдеде ҚТҚЖБ мен Германияның аса ірі құрылысжинаққассасы – Vausparkasse Schwäbisch Hall арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

• Қазэкспортгарант есепті кезеңде Қырғыз Республикасындағы, Беларусьдағы, Өзбекстандағы, Әзірбайжандағы, Ирандағы, Ресей Федерациясындағы сауда миссияларына қатысты. Көрсетілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша жалпы сомасы 161,5 млн теңгеге 5 жоба сақтандырылды. 50 млн теңгеден астам сомадағы 3 жоба қарау сатысында жатыр. Корпорация сондай-ақ қазақстандық локомотивтердің Әзірбайжан Республикасына экспортын қолдау шеңберінде жалпы сомасы 5,63 млрд теңгеге Ислам Даму банкінің еншілес ұйымы ICIEC-пен қайта сақтандыру шартын жасасты.



# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

## «Ұлттық чемпиондар»

«Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағдарламасына 2015 жылы 100 нақты қадам – Ұлт жоспарының 62-қадамы шеңберінде бастама жасалды.

Бағдарламаның мақсаты – ЕАЭО-да бәсекеге қабілетті көшбасшыларға айналуы мүмкін қатысушылар компанияларының қарқынды дамуына жәрдемдесу. Бағдарламаны іске асыру шикізаттық емес экспортты дамыту, өнеркәсіптік өндіріс көлемін ұлғайту, жоғары ақы төленетін жаңа жұмыс орындарын құру және импортты алмастыру сияқты міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Қатысушы компанияларға мынадай бағыттардың шеңберінде кешенді қолдау көрсетіледі:

### ДАМУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Одан арғы дамуды қолдау, тиімділікті арттыру, сыртқы нарықтарға шығу және т.б. мақсатында қаржыландыру беру.

### КОНСАЛТИНГЛІК СҮЙЕМЕЛДЕУ

Басқарудың озық тәжірибесіне қол жеткізу, мамандандырылған оқыту.

Дамудың бірнеше басым бастамаларын бөлумен қатысушы компаниялардың одан әрі дамуының барынша оңтайлы стратегиясын айқындау.

Экспорттық нарықтарға шығу стратегиясын анықтауға көмекті, өндірістің, маркетингтің және өнімді ілгерілетудің тиімділігін арттыру бойынша консультацияларды, жаңа өнімдерді нарыққа тиімді шығаруды, бренд жасау мен оны ілгерілетуді және т.б. қоса алғанда, осы бастамаларды енгізуде қолдау көрсету.

### ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ҚОЛДАУ

Нормативтік-құқықтық кедергілерді жою үшін әлеуетті тұтынушыларды анықтау.

Облыстық және ұлттық деңгейде мемлекеттік органдармен үйлестіруші және қолдаулық өзара іс-қимыл.

Бағдарлама жыл сайынғы циклдардан тұрады, олардың әрқайсысы үш кезеңді қамтиды:

1. қатысушыларды іріктеу,
2. олардың қызметін диагностикалау және
3. диагностика нәтижелерін негізге алып, кешенді қолдау көрсету.

## Бағдарламаның бірінші циклы (2015 ж.)

2015 жылғы ақпанда іске қосылған бағдарламаның бірінші циклы шеңберінде: тамақ өнеркәсібі (16 компания), машина жасау (6 компания) және құрылыс материалдарын шығару (5 компания) сияқты үш саладан 27 қатысушы компания анықталды.

**«Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар»** бағдарламасына қатысушылардың тізімі

САЛАЛАР	КОМПАНИЯЛАР	
ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ	«RG Brands Kazakhstan» ЖШС	«Galanz Bottlers» АҚ
	«Евразиян Фудс» АҚ	«Tea House» ЖШС
	Агропродукт КТ	«Беккер және К» ЖШС
	«Баян Сұлу» АҚ	«Юникс» ЖШС
	«Маслодел» ЖШС	«Caspian Beverage» АҚ
	«Raimbek Group» АҚ	Нәтиже Сүт КТ
	«Алель Агро» АҚ	«Адал» АӨК АҚ
	«ӨҚФ» АҚ	«Шин-Лайн» ЖШС
МАШИНА ЖАСАУ	«Alageum Group» ЖШС	«Hyundai Trans Auto» ЖШС
	«Қайнар-АКБ» АҚ	«Format Group» ЖШС
	«Жігермұнайсервис» ЖШС	
	«Karlskrona LC AB» ЖШС	
ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫН ШЫҒАРУ	«Стандарт «Цемент» ЖШС	«Алина Менеджмент» ЖШС
	«Экотон+» АҚ	
	«Сантехпром» ЖШС	
	«Жамбылгипс» АҚ	

Қатысушы компанияларды диагностикалау барысында:

- олардың одан әрі дамуы және өсуі бойынша бастамалар,
- осы бастамаларды іске асыру үшін қажетті қаржыландыру көлемі және түрлері,
- қарастырылып отырған салалардың компанияларын институционалдық қолдау бойынша ұсыныстар анықталды.

## Консалтингтік сүйемелдеу

7 форум өткізілді және 105 бастаманы енгізу бойынша консультациялық қолдау қамтамасыз етілді. Консалтингтік қолдау мынадай бағыттар бойынша көрсетілді:

- Өнімдер және маркетинг: баға түзу тәсілдемесін жақсарту, алдыңғы қатарлы бренд-менеджментті ендіру, маркетингке жұмсалатын шығыстарды оңтайландыру.

- Сату және дистрибуция: сатуды, дистрибьюторларды басқару дағдыларын дамыту.
- Экспансия: Қытайдың, Ресейдің нарығына шығу, Қазақстан нарығындағы импортты ығыстыру.
- Өндіріс: жаңа өндірістік қуаттарға инвестициялар, «ұқыпты өндіріс» практикаларын ендіру.
- Кадрлар /Ұйымдастыру: персоналдың тиімділігін басқару жүйесін ендіру, компаниялардың холдингтік құрылымын нақтылау.

## Қаржылық қолдау

Диагностикалау кезеңінде бағдарламаға қатысушылар шамамен 190 млрд теңге сомасындағы қаржыландыруға, оның ішінде инвестициялық мақсаттарға, айналым капиталын толықтыруға, қайта қаржыландыруға қажеттілік туралы мәлімдеді.

Бұл ретте өтінімдер 131,9 млрд теңге сомасына берілді. Қаржыландыруға қажеттілік пен өтінімдер сомасындағы айырма мынадай факторлармен түсіндіріледі: жоспарлардың қайта қаралуы, кейбір инвестициялық жобалар талдау сатысында жатыр, сондай-ақ теңгенің шектеулі өтімділігі.

Қазіргі кезде шамамен 67 млрд теңге мақұлданды, оның ішінде 41,5 млрд теңгені холдингінің еншілес ұйымдары инвестициялық қажеттіліктерді қаржыландыру, айналым капиталын толықтыру, сондай-ақ қайта қаржыландыру үшін беріп те қойды.

## Институционалдық қолдау

Қатысушы компанияларды диагностикалау барысында одан әрі дамуға, кедергілерді жоюға ықпал ететін, сондай-ақ қазақстандық өнім экспортының артуын ынталандыратын мемлекеттік қолдаудың қосымша шаралары анықталды. Бұл тізімде: бағдарлама кәсіпорындарына/жобаларына өндірістік инфрақұрылым жүргізуге жұмсалған шығыстарды өтеу, экспортты қолдау (РФ сауда желілерінің сөрелеріне ену, Қытай нарығына кіруге рұқсат алуға көмек, сертификаттау) бар.

Институционалдық қолдау жөніндегі ұсыныстар «Индустрияландыру және экономикалық өсім» үшінші бағытын іске асыру бойынша Экномиканы жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның жанындағы жұмыс тобының отырысында қаралды. Жұмыс тобының шешіміне сәйкес ұсыныстарды мемлекеттік органдар қарауда.

2016 жылғы 7-8 ақпанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі Әсет Исекешевтің және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы Қуандық Бишімбаевтың басшылығындағы қазақстандық делегацияның Иранға сапарының шеңберінде «Ұлттық чемпиондар» компанияларының қатысуымен көрме өткізілді. Мемлекет басшысының сәуір сапарына Қазақстан-Иран іскерлік кеңесі орайластырылды. Қазақстан делегациясының құрамына бағдарламаға қатысушылардың өкілдері кірді. Нәтижесінде, қазақстандық компаниялар мен ирандық әріптестердің арасында қазақстандық өнімдерді Иранға жеткізуге арналған келісімдер мен келісімшарттарға қол қойылды.

## Бағдарламаның екінші циклы (2016 ж.)

2016 жылғы 26 ақпанда бағдарлама басқарушы комитетінің отырысында бірінші циклды іске асыру нәтижелері қорытындыланды және жаңа қатысушы компанияларды іріктеуді көздейтін бағдарламаның екінші циклын іске қосу туралы шешім қабылданды.

Әлеуетті үміткерлер іріктеуге қатысу үшін басқарушы комитет бекіткен іріктеудің бастапқы өлшемшарттарына сәйкес келуге тиіс. Екінші циклда өңдеу өнеркәсібіндегі, көрсетілетін қызметтер мен ауыл шаруашылығы саласындағы компаниялар қамтылатын болады. Бағдарламаға қатысуға 5-тен 70 млрд теңгеге дейінгі түсімі бар қазақстандық компаниялар ғана жіберіледі. Мемлекет қатысатын компаниялар, сондай-ақ халықаралық ірі корпорациялардың еншілес компаниялары бағдарламаға қатыса алмайды.

Екінші циклға қатысатын компанияларға да консультациялық, қаржылық және институционалдық қолдау көрсетілетін болады.

Екінші циклды іске асыру неғұрлым күрделі диагностикамен (белгілі бір компаниялар үшін нақтыланған нақты салаларға арналып әзірленген) ерекшеленеді: саланы және компания туралы деректерді алдын ала талдау, компанияның офисі орналасқан жерге бару, тиісті сарапшының «жергілікті жердегі» диагностикаға тікелей қатысуы, ұсынылатын бастамаларды компания басшылығымен егжей-тегжейлі пысықтау.

Екінші циклдың барысында бастамаларды енгізу жоспарын компаниямен бірлесіп әзірлеуді, бастамаларды енгізу үшін қажетті әлемдік озық практикаларды ұсынуды қамтитын, диагностика кезінде анықталған бастамаларды іске асыру кезінде жекелендірілген консультациялық қолдау көрсету жоспарлануда. Ол үшін тиісті салалардағы жоғары дәрежелі халықаралық сарапшылар да тартылатын болады.

## Күтілетін нәтижелер

Холдинг қатысушы компанияларға бұған дейін белгіленген бастамаларды 2018 жылдың аяғына дейін іске асыруда қолдау көрсетуді жалғастырады.

Жоғарыда көрсетілген бастамаларды кешенді түрде іске асыру «Ұлттық чемпиондар» бағдарламасына қатысушы компаниялар түсімінің 170 млрд теңгеге артуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ 2018 жылға қарай 4600 жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

## №3 кейс

### «БАЯН СҰЛУ»

Баян Сұлу

## Компанияның бейіні

Қызметінің негізгі бағыты – кондитерлік бұйымдар шығару және сату. «Баян сұлу» Қазақстанның аса ірі кондитерлік бұйымдар өндірушілерінің бірі болып табылады, оның 40 жылдық жұмыс тәжірибесі бар және тамақ өнеркәсібі саласында жоғары іскерлік беделді иеленеді.

Кәсіпорын жыл сайын жоғары сапалы өнім өндіріп, сатады, оның асортименттік желісі карамельдің, драженің, иристің, кэмпиттің, шоколадтың, мармеладтың, зефирдің, печеньеңің, вафлидің 250 жуық атауын қамтиды.

## Жоба

«Баян сұлу» бағдарламаның бірінші циклы шеңберінде қолдау табатын «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағдарламасына қатысушы ретінде таңдап алынды. Бағдарламаның шеңберінде McKinsey консультанттарымен көлемді жұмыс жүргізілді, соның нәтижесінде әлсіз жақтары анықталды және сату жүйесін қайта ұйымдастыру жүргізілді, ол отандық нарықта сатуды айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2015 жылы «Баян сұлу» айналым капиталын толықтыруға арнап экспорт алдындағы қаржыландырудан 2 млрд теңге мөлшерінде қаржыландыру, сондай-ақ қосалқы үй-жайлар блогымен бірге №2 бисквит цехы үшін жабдықтар сатып алуға



1,5 млрд теңге сомасында инвестициялық қарыз алды, түсімнің жоспарланып отырған жылдық көлемі – 4,5 млрд теңге және 150 жұмыс орнының құрылуы. Таяудағы уақытта желілерді кезең-кезеңімен, 2016 жылғы тамызда – бір желіні және 2016 жылғы қыркүйек-қазанда – екіншісін іске қосу жоспарлануда.

түсімнің жоспарланып отырған жылдық көлемі

4,5 млрд теңге



## Тиімділік

«Баян сұлу» 2018 жылға дейін сату көлемін 50% ұлғайтуды жоспарлап отыр.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## Корпоративтік басқару қағидаттары

Холдингінің ұзақ мерзімді кезеңге арналған даму стратегиясы оның алдына корпоративтік басқарудың халықаралық практикаларын енгізе отырып, оның ықпалдасқан даму институты ретінде қалыптасуы жөніндегі бірінші кезектегі міндетті қояды.

Осы міндетті іске асыру шеңберінде заңнаманың және ұсынылатын озық практиканың талаптары ескеріле отырып, акционер ретіндегі холдинг пен еншілес ұйымдардың директорлар кеңестері және басқармалары арасындағы құзыреттерді, өкілеттіктерді, жауапкершілікті және есеп берушілікті нысандандыру және олардың аражігін ажырату жүзеге асырылды.

Холдингінің еншілес ұйымдарында тиісті біліктілігі, халықаралық компаниялар мен жеке секторда жұмыс тәжірибесі бар тәуелсіз директорларды қамтитын теңгерімделген құрамдағы директорлардың кәсіби кеңестері қалыптастырылды. Еншілес ұйымдар директорлар кеңестерінің құрамына холдингінің басшы құрамы қатарынан оның өкілдері де кірді.

Директорлар кеңестері, ішкі аудит қызметтері, корпоративтік хатшылар жұмысының бірыңғай стандарттарын айқындайтын бірқатар үлгі құжаттар қабылданды.

Еншілес ұйымдар директорлар кеңестерінің жанынан аудит, кадр және сыйақы жөніндегі комитеттер құрылды.

Отырыстар өткізудің жүйелілігі қалыптастырылды және директорлар кеңестері мүшелерінің тиісті отырыстарға қатысуының жоғары деңгейі қамтамасыз етілді.

2015 жылы еншілес ұйымдардың директорлар кеңестеріне бағалау жүргізілді, ол бүкіл компаниялар тобы бойынша директорлар кеңестерінің өкілеттіктері, ақпараттық материалдарды берудің толықтығы мен мерзімі, директорлар кеңестерінің сандық және сапалық құрамы, жұмыс жоспарларын орындау және т.б.

бөлігінде оң нәтижелерді көрсетті.

Іскерлік әдеп кодексі қабылданды және корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығыстарын уақтылы реттеу үшін омбудсмен тетігі енгізілді.

Холдинг тобының ішіндегі корпоративтік басқару деңгейлері арасындағы диалогты дамыту шеңберінде 2015 жылғы қарашада холдинг және еншілес ұйымдар тәуелсіз директорларының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді.

Корпоративтік басқару жүйесін, тәуекелдерді басқаруды, ішкі бақылауды қоса алғанда, бизнес-процестерді бағалау жөніндегі бірыңғай әдістемелер қабылданды, олар холдинг пен еншілес ұйымдардың ішкі аудит қызметтеріне салыстырмалы нәтижелері бар халықаралық стандарттар бойынша аудит жүргізуге мүмкіндік берді.

2015 жылы еншілес ұйымдардың ішкі аудит қызметтері холдингінің еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару жүйесіне, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесіне халықаралық тәсілдемелерге негізделген бағалау жүргізді. Бағалау: 1) Қазақстанның даму банкідегі, Тұрғынұйқұрылысжинақбанкідегі және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорындағы еншілес ұйымдардың арасында корпоративтік басқарудың, 2) Қазақстанның даму банкідегі, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорындағы, «Қазэкспортгарант» сақтандыру компаниясындағы, «Қазына капитал менеджменттегі», «Бәйтерек девелопменттегі» еншілес ұйымдардың арасында ішкі бақылау жүйесінің, 3) Қазақстанның даму банкідегі, Тұрғынұйқұрылысжинақбанкідегі және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорындағы, «Қазэкспортгарант» сақтандыру компаниясындағы, «Қазына капитал менеджменттегі», «Бәйтерек девелопменттегі» еншілес ұйымдардың арасында тәуекелдерді басқару жүйесінің барынша жоғары деңгейін көрсетті, бұл корпоративтік басқарудың, тәуекелдерді басқарудың, бизнес-процестер тиімділігінің жалпы құрылымын құрудағы оң нәтижелер, қолда бар ақпараттың ашықтығы мен оны ашу деңгейінің артуы туралы дәлелдейді.

## Корпоративтік басқару қағидаттары:

Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты.

- Холдингінің директорлар кеңесі мен басқарманы тиімді басқару қағидаты.
- Холдинг қызметінің дербестігі қағидаты.
- Холдингінің қызметі туралы ақпараттың ашықтығы және оны ашудың объективтілігі қағидаттары.
- Заңдылық және әдеп қағидаттары.
- Тиімді дивидендтік саясат қағидаттары.
- Тиімді кадр саясаты қағидаттары.
- Қоршаған ортаны қорғау қағидаты.
- Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын әділ реттеу қағидаты.
- Жауапкершілік қағидаты.

## Акционер туралы мәліметтер


Холдингінің жалғыз акционері ҚР Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті білдіретін Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

2013 жылғы 26 маусымда холдингінің мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқығы ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне (ИЖТМ) берілді.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің функциялары жаңадан ұйымдастырылған ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне (ИДМ) (қысқартылған ИЖТМ құқық мирасқоры) берілді.

2014 жылғы 27 қарашада холдингінің мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқығы ИДМ-ға берілді. Осылайша, ҚР Инвестициялар және даму министрлігі заңнамамен және холдингінің Жарғысымен жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды және олар ҚР ИДМ уәкілетті тұлғаларының бұйрықтарымен ресімделеді.

## Корпоративтік басқарудың ұйымдық құрылымы



## Холдинг органдарының жүйесі

- жалғыз акционер – холдингінің жоғары органы
- директорлар кеңесі – жалпы басшылықты және басқарма қызметін бақылауды жүзеге асыратын басқару органы
- басқарма – холдингінің ағымдағы қызметін басқаратын алқалы атқарушы орган
- ішкі аудит қызметі – холдингінің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару саласын бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындауды және холдинг қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## Директорлар кеңесі

### Директорлар кеңесі туралы

Холдингтің директорлар кеңесі он директордан тұрады, олардың үшеуі тәуелсіз болып табылады.

## Директорлар кеңесінің мүшелері



**Кәрім Мәсімов** – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, ДК төрағасы  
1965 жылғы 15 маусымда туған.  
2007 жылғы қаңтар — 2012 жылғы қыркүйек – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (2012 жылғы 20 қаңтарда қайта сайланған).  
2012 жылғы қыркүйек — 2014 жылғы сәуір – Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің басшысы.  
2014 жылғы қаңтар — 2014 жылғы сәуір – Қазақстан Республикасы мемлекеттік хатшысының міндетін уақытша атқарушы.  
2014 жылғы сәуірден бастап – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі.  
2014 жылғы 9 сәуірде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.Раудың № 119 бұйрығымен директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.



**Бақытжан Сағынтаев** – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, ДК мүшесі  
1963 жылғы 13 қазанда туған.  
2012 жылғы қыркүйек — 2013 жылғы қаңтар — «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы төрағасының бірінші орынбасары.  
2013 жылғы қаңтар — 2013 жылғы қараша — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары — Қазақстан Республикасы өңірлік даму министрі  
2013 жылғы қарашадан бастап осы уақытқа дейін — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары.  
2013 жылғы 25 маусымда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Э.Өтеповтің № 471 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.  
2013 жылғы 30 желтоқсанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.Раудың № 464 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.



**Әсет Исекешев** – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі, ДК мүшесі  
1971 жылғы 17 тамызда туған.  
2008 — 2009 — Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі.  
2009 жылғы мамыр — 2010 жылғы наурыз — Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрі.  
2010 жылғы наурыз — 2012 жылғы қаңтар - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технологиялар министрі.  
2012 жылғы қаңтар — 2012 жылғы қыркүйек — Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі.  
2012 жылғы қыркүйек — 2014 жылғы тамыз — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі.  
2014 жылғы тамыздан бастап — Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі.  
2013 жылғы 25 маусымда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Э.Өтеповтің № 471 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.  
2013 жылғы 30 желтоқсанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.Раудың № 464 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.



**Бақыт Сұлтанов** – Қазақстан Республикасы Қаржы министрі, ДК мүшесі  
1971 жылғы 29 қарашада туған.  
2010 жылғы наурыз — 2012 жылғы қаңтар — ҚР Президентінің көмекшісі.  
2012 жылғы қаңтар — 2013 жылғы қараша — ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары;  
2013 жылғы қараша — 2014 жылғы тамыз — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрі.  
2014 жылғы тамыздан бастап — Қазақстан Республикасы Қаржы министрі.  
2013 жылғы 25 маусымда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Э.Өтеповтің № 471 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.  
2013 жылғы 30 желтоқсанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.Раудың № 464 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.



**Ерболат Досаев** – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі, ДК мүшесі  
1970 жылғы 21 мамырда туған.  
2006 — 2012 — «ҚазИнвестБанк» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы.  
2012 жылғы қыркүйек— 2013 жылғы қаңтар – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі.  
2013 жылғы қаңтар— 2014 жылғы тамыз – Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.  
2014 жылғы тамыздан бастап— Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрі.  
2013 жылғы 25 маусымда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Э.Өтеповтің № 471 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.  
2013 жылғы 30 желтоқсанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.Раудың № 464 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.



**Ербол Орынбаев** – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, ДК мүшесі  
1971 жылғы 29 маусымда туған.  
2007 жылғы қаңтар - қазан – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрікеңесінің басшысы.  
2007 жылғы қазан — 2013 жылғы қараша – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.  
2013 жылғы қараша— 2015 жылғы қазан — Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.  
2014 жылғы 23 қазанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі Ә.Исекешевтің № 96 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.



**Қуандық Бишімбаев** – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасы, ДК мүшесі  
1980 жылғы 11 сәуірде туған.  
2010 — 2011 – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда вице-министрі.  
2011 — 2013 – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасының орынбасары.  
2013 жылғы 30 мамырдан бастап - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы.  
2013 жылғы 25 маусымда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Э.Өтеповтің № 471 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.  
2013 жылғы 30 желтоқсанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.Раудың № 464 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.



**Клаус Мангольд** — тәуелсіз директор, ДК мүшесі  
1943 жылғы 6 маусымда туған.  
1995 — 2003 — DaimlerChrysler AG концернінің басқарма мүшесі және Debis AG Басқарма төрағасы.  
1999 — 2010 - «Неміс экономикасы Шығыс комитетінің» төрағасы.  
2011 жылдан бастап — TUI AG қадағалау кеңесінің төрағасы, Metro AG, Alstom AG, Continental AG, Rothschild GmbH, Alstom S.A., Ernst & Young қадағалау кеңестерінің мүшесі.  
2013 жылғы 25 маусымда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Э.Өтеповтің № 471 бұйрығымен директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып тағайындалды.  
2013 жылғы 30 желтоқсанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.Раудың № 464 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болып сайланды.



**Томас Мирв** — тәуелсіз директор, ДК мүшесі  
1953 жылғы 6 қаңтарда туған.  
2002 — 2005 — Ernst & Young аға консультанты.  
2005 — 2008 — Германия қаржы министрлігінің мемлекеттік хатшысы.  
2008 —2012 — Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) президенті.  
Deutsche Telekom, Daimler Chrysler Aerospace, KfW директорлар кеңесінің мүшесі.  
2013 жылғы 25 маусымда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Э.Өтеповтің № 471 бұйрығымен директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып тағайындалды.  
2013 жылғы 30 желтоқсанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.Раудың № 464 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болып сайланды.



**Филипп Йео** — тәуелсіз, ДК мүшесі  
1946 жылғы 29 қазанда туған.  
2007 жылға дейін — ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі Сингапур үкіметтік агенттігінің A\*STAR төрағасы.  
2007 — 2011 — Сингапур Премьер-Министрінің кабинетінде экономикалық даму жөніндегі арнайы кеңесші.  
2001 — 2006 — Сингапур экономикалық даму жөніндегі кеңесінің тең төрағасы.  
Қазіргі кезде — Ascendas India Trust, Accuron Technologies және Economic Development Innovations Singapore Pte Ltd төрағасы, City Developments Limited және Hitachi атқарушы емес директоры. Сингапур үкіметін дамыту агенттігі - SPRING төрағасы. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) мемлекеттік басқару жөніндегі сарапшылар комитетінің мүшесі.  
2013 жылғы 25 маусымда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Э.Өтеповтің № 471 бұйрығымен директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып тағайындалды.  
2013 жылғы 30 желтоқсанда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.Раудың № 464 бұйрығымен директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болып сайланды.

### ДК отырыстары

2015 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ директорлар кеңесінің отырыстары 2014 жылы 20 қарашада бекітілген (№ 09/14 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өткізілді. Сондай-ақ қажеттігіне қарай директорлар кеңесі кезектен тыс отырыстар өткізді.

Есепті кезеңде директорлар кеңесінің 11 отырысы өткізілді, оның 6 отырысы ішкі нысанда және 5 – сырттай өткізілді.

#### Қабылданған барынша маңызды шешімдер:

- Комитеттер туралы ережелер өзекті етілді (21.04.2015 ж.№ 04/15 шешім).
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жаңа редакциядағы Инвестициялық саясаты өзекті етілді (19.11.2015 ж.№ 10/15 хаттама).
- Тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі құжаттар: Тәуекелдерді агрегациялау әдістемесі, Тәуекелдерді басқару орталықтандырылған жүйесінің регламенті, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бизнес-процестерді, оған тән тәуекелдер мен тәуекелдің негізгі индикаторларын анықтау әдістемесі бекітілді (21.04.2015 ж. № 04/15 шешім).
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексі бекітілді (21.04.2015 ж. № 04/15 шешім).
- Отандық автомобиль жасаушылар, тікұшақтар мен жолаушылар вагондарын жасаушылар үшін лизинг және/немесе қарыз тетігі арқылы қаржыландыруға, экспорттық және экспорт алдында кредит беруге; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібіндегі ірі кәсіпкерлікті қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерге қаражат орналастыруға бағытталған экономиканы дамытудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарымен («ҚДБ» АҚ, «Даму» ҚДҚ» АҚ) мүдделілікте мәмілелер жасасу туралы бірқатар шешімдер қабылданды.
- 2014 жыл үшін жылдық қаржылық есептілік (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекітілді (22.05.2015 ж. № 05/15 хаттама).

- 2014 жылдың қорытындылары бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуы туралы есеп және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014 жылғы бюджетінің орындалуы туралы есеп бекітілді (29.06.2015 ж. № 06/15 хаттама).
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ омбудсмені тағайындалды (10.09.2015 ж. № 08/15 хаттама).

### Директорлар кеңесінің комитеттері

#### ДК Аудит жөніндегі комитеті

Аудит жөніндегі комитет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы үшін) бойынша, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау бойынша, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсынымдарды директорлар кеңесіне дайындау мақсатында 2013 жылғы 25 қыркүйекте құрылды.

Комитеттің құрамы:

Томас Мирон – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;

Клаус Мангольд – тәуелсіз директор, комитет мүшесі.

2015 жылы комитет 4 ішкі және 3 сырттай отырыс өткізді, олардың барысында 34 мәселе қаралды.

Қабылданған шешімдердің ең маңыздылары:

- Тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі құжаттардың жобалары қаралып, мақұлданды: Тәуекелдерді агрегациялау әдістемесі, Тәуекелдерді басқару орталықтандырылған жүйесінің регламенті, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бизнес-процестерді, оған тән тәуекелдер мен

тәуекелдің негізгі индикаторларын анықтау әдістемесі.

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ішкі бақылау жүйесі туралы ереженің жобасы қаралып, мақұлданды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014 жыл ішіндегі аудиттелген қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке) алдын ала қаралды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ішкі аудитінің мәселелері: жылдық аудиторлық жоспар, негізгі көрсеткіштердің карталары, ішкі аудит және ішкі және сыртқы аудиторлардың, өзге де тексерушілер ұсынымдарының орындалуын мониторингге есептер қаралды, сондай-ақ ақпараттық технологиялар жүйелерінің, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың тиімділігін бақылау әдістемелерін қамтитын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ішкі аудитін ұйымдастырудың егжей-тегжейлі қағидалары мақұлданды.
- Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау жүйелерінің жай-күйі туралы есептер жүйелі түрде қаралды.

#### ДК кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті

Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет директорлар кеңесінің кадр саясаты саласындағы құзыретіне жататын мәселелерді, тағайындау мен сыйақы жүйелерін терең пысықтау және мониторингге арқылы директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ холдингтің тұтастай қызметін, директорлар кеңесі мүшелерінің, басқарма мүшелерінің, ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының және оның ішінде холдингке жұмысқа тартылған шетелдік мамандардың қызметін бағалау мақсатында 2013 жылғы 25 қыркүйекте құрылды.

#### Комитеттің құрамы:

- Клаус Мангольд – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы.
- Филип Йео – тәуелсіз директор, комитет мүшесі.
- Қуандық Бишімбаев – Басқарма төрағасы, комитет мүшесі.

Комитет 2015 жылы 3 ішкі және 3 сырттай отырыс өткізді, олардың барысында 11 мәселе қаралды.

Қаралған шешімдердің ең маңыздылары:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексі қаралып, мақұлданды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасына және мүшелеріне 2014 жылдың қорытындылары бойынша сыйақы төлеу мәселесі жөнінде директорлар кеңесіне ұсынымдар жасалды.

### ДК стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет холдингтің орта және ұзақ мерзімді перспективадағы қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шаралар әзірлеу жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, холдинг қызметінің (дамуының) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын) әзірлеу мәселелері бойынша директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау мақсатында 2013 жылғы 25 қыркүйекте құрылды.

Комитеттің құрамы:

- Филип Йео – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы.
- Томас Мирон – тәуелсіз директор, комитет мүшесі.
- Әсет Исекешев – инвестициялар және даму министрі, комитет мүшесі.
- Қуандық Бишімбаев – Басқарма төрағасы, комитет мүшесі.

2015 жылы комитет 3 ішкі және 3 сырттай отырыс өткізді, олардың барысында 8 мәселе қаралды.

Қабылданған шешімдердің ең маңыздылары:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жаңа редакциядағы Инвестициялық саясатының жобасы қаралып, мақұлданды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2018 жылдарға арналып түзетілген Даму жоспарының және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2016 жылға арналған бюджетінің жобасы қаралып, мақұлданды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп қаралды.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### Басқарма

## Басқарма туралы

Басқарма 5 мүшеден тұрады: Төраға, оның орынбасары және 3 басқарушы директор.

### Басқарма мүшелері

**Алина Алдамберген** — басқарма төрағасының орынбасары, басқарма мүшесі  
1973 жылғы 11 қаңтарда туылған.  
2008 — 2011 — Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары (13.03.2008-04.2011 агенттіктің таратылуына байланысты).  
2011 — 2013 — «Самұрық-Казына Финанс» ЖШС бас директоры (орынбасар) (2011-2013).  
2013 жылғы шілдеден бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары.

**Асқар Достияров** — Басқарушы директор, басқарма мүшесі  
1976 жылғы 18 маусымда туылған.  
2004 — 2008 — Meridian Capital корпоративтік қаржыландыру жөніндегі маманы.  
2008 — 2010 — «Мобайл Телеком-Сервис» (Tele2) компаниясының бас директоры, директорлар кеңесінің төрағасы.  
2010 — 2013 — Meridian Capital Басқарушы директоры.  
2013 жылғы қарашадан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.

**Динара Сейджапарова** — Басқарушы директор, басқарма мүшесі  
1975 жылғы 1 шілдеде туылған.  
2007 — 2008 — «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК филиалы директорының орынбасары.  
2007 — 2013 — «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.  
2013 жылғы маусымнан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.

**Қаныш Төлеушин** — Басқарушы директор, басқарма мүшесі  
1983 жылғы 6 желтоқсанда туылған.  
2008 — 2011 — Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің консультанты, сектор меңгерушісі, әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары.  
2011 — 2013 — Қазақстан Республикасы Идустрия және жаңа технологиялар вице-министрі.  
2013 жылғы шілдеден бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.

### Басқарманың комитеттері

#### Инвестициялық комитет

- Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті
- Активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитет
- Кадр саясаты жөніндегі комитет

### 2015 жыл ішінде корпоративтік басқарудағы негізгі оқиғалар

- 15.06.2015 ж. акционерлердің жалпы жиналысы өткізілді, онда 2014 жылғы жылдық қаржылық есептілік бекітілді, 2014 жыл үшін дивидендтер бөлмеу туралы шешім қабылданды (жалғыз акционердің № 679 бұйрығы).
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексі бекітілді (директорлар кеңесінің 21.04.2015 ж. № 04/15 шешімі).
- Корпоративтік хатшының орынбасары — корпоративтік хатшы қызметінің басшысы тұлғасында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ омбудсмені тағайындалды (директорлар кеңесі отырысының 10.09.2015 ж. № 08/15 хаттамасы).
- 2015 жылғы 18 қарашада «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ компаниялары тобы қызметінің нәтижелерін талқылау және стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін холдинг басшылығының еншілес ұйымдардың тәуелсіз директорларымен кездесуі өткізілді.
- 2015 жыл ішінде холдинг пен еншілес ұйымдардың ішкі аудит қызметтері корпоративтік басқару жүйелерін диагностикалауды жүргізді, олардың нәтижелері бойынша корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі 2015-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары қабылданды.

## №4 кейс

## ҚАЗАЗОТ



### Компанияның бейіні

Компания Қазақстандағы аммиак пен аммиак селитрасын жалғыз өндіруші болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешен мен кен өндіру салаларының қажеттіліктері үшін минералдық өнімдер шығаруға бағдарланған химия өнімдерін өндіреді.

### Жоба

Ақтаудағы минералдық тыңайтқыштар өндіру жөніндегі зауытты кешенді жаңғырту жобасы Қазақстанды индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылуда. Жобаның жалпы құны 56 млрд теңгеден астамды құрайды, қажетті қаражаттың 72,3%-ын ұлттық валютадағы кредит түрінде 10 жылға дейінгі мерзімге ҚДБ береді.

Зауытты кешенді түрде жаңғырту аммиак пен азотты минералдық тыңайтқыштарды 2018 жылға қарай 300-ден 400 мың тоннаға дейін өндіру арқылы қуаттарды кеңейтуді, шикізатты өндіру мен өңдеуден бастап дайын өнімді өткізуге дейінгі толық өндірістік цикл қалыптастыруды алдын ала болжайды.

Жоба «Шағырлы-Шөмішті» газ кен орнын игеруді, газ-поршень электр станциясын, танктік және үрлемелі газдардан аммиакты залалсыздандыру жөніндегі қондырғыны,



майдалау мұнараларын салуды қамтиды. Зауыт жобалық қуатқа шығарылғаннан кейін ауыл шаруашылығында және кен өндіру өнеркәсібінде пайдалану үшін шығарылатын өнімнің 60% дейін ішкі нарыққа, қалған 40%-ы — экспортқа жөнелтілетін болады.

Жобаның жалпы құны

**56**  
млрд теңге

### Тиімділігі

Дайын минералдық тыңайтқыштар өзіндік құнының 2018 жылға қарай 34% төмендеуі күтілуде, бұл ретте өнімнің сапасы артады. Сондай-ақ жаңа кен орнын игеру есебінен кейінгі 10 жылда табиғи газды өндіру мен сату көлемінің төрт есе ұлғаюы күтілуде. Литваға, Ресейге және Орта Азия елдеріне: Қырғызстанға, Түркменстанға және Өзбекстанға экспортты арттыру жоспарлануда.

# ІШКІ БАҚЫЛАУ, ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

## Ішкі бақылау

Холдингтің ішкі бақылау жүйесі тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйелерінің ажырамас бөлігі болып табылады және холдингтің барлық басқару деңгейлерін, барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

Директорлар кеңесі басқармамен бірлесіп, холдингтің жұмыскерлеріне ішкі бақылаудың елеулілігін, маңыздылығын және қажеттілігін білдіретін және көрсететін бақылау ортасын құруды және қызметтің барлық деңгейлерінде этикалық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Басқарма:

- мүмкін болатын тәуекелдердің туындау ықтималдығын азайтуға;
  - қателіктер туындауының алдын алуға және/немесе олар жасалғаннан кейін қателіктерді анықтауға;
  - қайталама және артық операцияларды анықтауға және жоюға;
  - кемшіліктерді және оларды жақсартуға арналған салаларды анықтауға;
  - ішкі бақылау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған үш негізгі сала (операциялық және инвестициялық қызмет, қаржылық және басқарушылық есептіліктің сенімділігін қамтамасыз ету, заңнамалық және ішкі нормативтік талаптарды сақтау) бойынша бақылау рәсімдерін әзірлеуді қамтамасыз етеді.
- Ішкі бақылауды қорғаудың бірінші желісін холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің өздері қамтамасыз етеді. Бақылауды құрылымдық бөлімшелер әзірлейді және ол бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Ішкі бақылауды ұйымдастыруды, бақылауды,

мониторинглеуді холдинг құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жүзеге асырады. Қорғаудың екінші желісін тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше сияқты құрылымдық бөлімшелерді, холдингтің қызметін заңдық тұрғыдан сүйемелдеуге жауапты құрылымдық бөлімшені, персоналдың жұмысына жауапты құрылымдық бөлімшені, қауіпсіздікке жауапты құрылымдық бөлімшелерді (оның ішінде АТ, ақпараттық, физикалық) және холдингтің бақылау функцияларын жүзеге асыратын басқа да құрылымдық бөлімшелерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, әртүрлі құрылымдық бөлімшелер қамтамасыз етеді.

Қорғаудың үшінші желісі аудиторлық тексерулер жоспарының шеңберінде ішкі бақылау ортасының тиімділігін тәуелсіз растау функциясын білдіреді, ол холдингтегі ішкі бақылау жалпы жүйесінің тиімділігін бағалауды қамтамасыз ете отырып, қорғаудың бірінші және екінші желілерін жабады.

Бақылау рәсімдері холдинг мақсаттарының, міндеттерінің және жоспарларының орындалуын тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, стандарттық емес операцияларды анықтау және жасау, сондай-ақ тәуекелдерді және холдингтің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің тарапынан болуы мүмкін заңсыз әрекеттердің алдын алу, шектеу және оларды болдырмау жөніндегі іс-шаралар мен іс-әрекеттердің құжаттамамен тіркелген жүйесі болып табылады.

Бақылау рәсімдері холдингтің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады және оларды холдингтің органдары, құрылымдық бөлімшелері және жұмыскерлері сақтауға тиіс.

## Тәуекелдерді басқару

басқарудың корпоративтік жүйесі холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің ажырамас құрамдаушы болып табылады. Жүйе барлық бар тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ холдинг пен оның компанияларының құнына және беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін азайту бойынша шаралар қабылдауға бағытталады.

Тәуекелдерді басқарудың бекітілген саясатына сәйкес, холдингтегі тәуекелдерді басқару жүйесі құрылымының холдингтің төмендегі органдары мен бөлімшелерін қоса алғанда, бірнеше деңгейі болады:

- басқару органы – директорлар кеңесі,
- атқарушы орган – басқарма,
- бақылау органы – ішкі аудит қызметі,
- тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімше,
- өзге де құрылымдық бөлімшелер.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне қадағалауды жүзеге асыруда негізгі рөлді атқарады. Директорлар кеңесінің негізгі функциялары холдингке ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттар қою, холдингтегі тәуекелдерді басқаруды регламенттейтін негізгі құжаттарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау болып табылады. Директорлар кеңесінің жанынан холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару сенімділігі мен тиімділігін, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бөлігінде директорлар кеңесіне ұсынымдар беру жөніндегі консультациялық-кеңесу органы болып табылатын Аудит комитеті құрылды.

Холдингтің басқармасы тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру және корпоративтік саясаттың орындалуын және оның басшылыққа алынуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құру үшін жауапты болады. Тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында басқарма жанынан тұрақты жұмыс істейтін консультациялық-кеңесу органы – Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет құрылды, оның негізгі функциялары активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру қағидаттарына қол жеткізу, тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында холдингтің және оның еншілес ұйымдарының активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Холдинг халықаралық алдыңғы қатарлы практикаларға сәйкес тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін тұрақты түрде жетілдіріп отырады. Бұл жұмыс тәуекелдерді бағалау және басқару әдіснамасын әзірлеу мен өзекті етуді, сондай-ақ холдингтің директорлар кеңесі мен басқармасына ұсынылатын тәуекелдер жөніндегі есептілікті қамтиды. Холдингтің директорлар кеңесі мен басқармасы холдингтің шұғыл тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының сипаттамасы бар холдингтің тәуекелдері жөніндегі есепті тоқсан сайынғы негізде қарайды.

Холдингтің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру шеңберінде 2015 жылы мынадай жұмыс жүргізілді:

- тәуекелдердің жекелеген түрлерін сандық жағынан бағалау, оларды ішкі капиталды есептеу және оны холдинг компаниялары тобының біріктірілген тәуекелін жабуға арналған қолда бар қол жетімді қаржы ресурстарымен салыстыру үшін одан әрі агрегациялау процесіне негізделген тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесін енгізу;
- тәуекелдер мен бақылау матрицаларын әзірлеу, холдинг пен еншілес ұйымдардың тәуекелдер тіркелімі мен картасын өзекті ету;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі басқарушылық есептілік жүйесін (БЕЖ) пайдалануға енгізу.

## Ішкі аудит

Ішкі аудиттің миссиясы тәуекелге бағдарланған тәсілдеменің, ұсынымдар берудің және білімдермен алмасудың негізінде ішкі аудиторлық объективтік тексерулер жүргізу арқылы ұйымның құны мен тиімділігін сақтау және арттыру болып табылады.

Ішкі аудит жүйесінің жұмысын холдинг Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің нормаларына, ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) туралы ережеге және оның ішінде ІАҚ ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелеріне бағалау жүргізуінің шарттары мен тәртібін регламенттейтін ішкі аудит мәселелері жөніндегі өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әрекет ететін ІАҚ қамтамасыз етеді.

Холдинг ішкі аудит функциясының артықшылықтары, күшті жақтары мыналар болып табылады:



## ІШКІ БАҚЫЛАУ, ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

– кәсіби тұрғыдан анықталған мәртебе, халықаралық Ішкі аудиторлар институты ұсынған Ішкі аудиттің кәсіби практикасы халықаралық негіздерінің ережелері ескерілетін ІАҚ құзыреті және функционалы ;

– Аудит жөніндегі комитеттің, директорлар кеңесінің тарапынан ішкі аудит функциясын білікті басқару, сондай-ақ жоғары атқарушы басшылықтың ІАҚ-мен сындарлы өзара іс-қимылы;

– бекітілген стратегиялық мақсаттар, тәуекелдер және бақылау тіркелімі, холдинг бизнес-процестерінің матрицалары ескеріле отырып анықталған аудит салаларының картасы негізінде тәуекелге бағдарланған аудиторлық жұмыс жоспарларын қалыптастыру;

– ІАҚ аудиторлық пайымдамалардың объективтілігі және тәуелсіздігі, сондай-ақ ІАҚ жұмысына сенімділікке ықпал ететін аудитке қатысушылармен оларды міндетті түрде алдын ала талқылау;

– қажетті білімі (MSc in Financial engineering & Risk management, MSc in Finance), ішкі аудиторларды сертифициаттау бағдарламасы бойынша білімі (CIA), ішкі аудит, бухгалтерлік есеп, қаржы нарығындағы әдіснама/қадағалау, мемлекеттік қызмет салаларында дағдылары мен тәжірибесі бар, сондай-ақ өзгерістерге, тұрақты түрде оқуға дайын ІАҚ-ның жұмыс істейтін екі қызметкері – Гүлмира Енгамеден мен Назым Игілікованың «ұжымдық» білімі мен дағдылары.

Тәуекелге бағдарланған жұмыс жоспары бойынша міндеттерге қосымша ІАҚ холдингтің «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің

(Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.12.2014 ж. № 1266 қаулысының нормаларына сәйкес әкімшілік шығыстар жекелеген түрлерінің лимиттерін сақтауына жыл сайын мониторингін жүзеге асырады.

2015 жылдың соңында ІАҚ холдингтің директорлар кеңесі бекіткен ішкі әдістемелерге сәйкес ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін тағы бір рет бағалады. Бағалау нәтижелері бойынша көрсетілген жүйелерді ұйымдастыру деңгейлерінде айтарлықтай жағымды прогресс («ортадан жоғары») анықталды. Бұдан басқа, холдингтің корпоративтік басқару жүйесіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруды бағалау қағидаларына (Қазақстан Республикасы экономикалық даму және сауда министрінің 06.06.2011 ж. №157 бұйрығымен бекітілген) сәйкес – бұл жүйе дамудың: III деңгейіне сәйкес келеді.

<sup>1</sup>The Institute of Internal Auditors (<https://global.theiia.org>) ішкі аудитор кәсібін дамытуды және бүкіл әлемдегі ішкі аудиторларды қолдауды мақсат еткен халықаралық кәсіби қауымдастық болып табылады. IIA әлемнің 170 астам елдері мен аумақтарында 180 000 жуық адамды біріктіреді.

## №5 КЕЙС

### ӨСКЕМЕН ҚҰС ФАБРИКАСЫ



### Компанияның бейіні

**ӨҚФ** – көлемі бойынша Қазақстандағы екінші құс фабрикасы, ол бройлерлердің етін өндіру және өңдеу жөніндегі мамандандырылған кәсіпорын болып табылады. Ішкі нарықтағы ӨҚФ-ның үлесі шамамен 10%, жергілікті өндірісте – шамамен 17% құрайды. ӨҚФ жылына 24 мың тоннаға жуық құс етін өндіреді. Компания Қазақстанда мұздатылған құс етін нарыққа шығаруды бірінші болып бастады.

### Жоба

Компания «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағдарламасына өнімділігі тірі салмағында 60 мың тонна бройлерлер өсіретін Макинск құс фабрикасын салу жөніндегі жобамен қатысады. Жоба ел экономикасының аралас салаларын қосымша дамытуға, Қазақстан экономикасын әртараптандырудың дамуына, жаңа жұмыс орындарын құруға және өңірдегі қолайлы индустриялық инфрақұрылымға ықпал етеді.

ӨҚФ «Ұлттық чемпиондар» бағдарламасына қатысқаннан бастап, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құралдары шеңберінде Макинск құс фабрикасы жобасын іске асыруға ҚДБ желісі бойынша 12,5 млрд теңге мөлшерінде қаржыландыру мақұлданды.

ӨҚФ  
жылына

**24**  
мың тоннаға  
жуық құс етін  
өндіреді



### Тиімділігі

2018 жылға қарай бағдарлама шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның қолдауы кезінде даму бастамаларының іске асырылу нәтижелері бойынша компания кірісті 7,8 млрд теңгеге ұлғайтады, 565 жаңа жұмыс орындарын құрады, сондай-ақ 20 млрд теңге мөлшерінде қосымша ішкі инвестицияларды қамтамасыз етеді деп күтілуде.

# КАДР САЯСАТЫ

## Негізгі кадрлық көрсеткіштер


Бүгінде «Бәйтерек» – бұл холдингінің 11 еншілес ұйымдары мен орталық аппаратындағы 2,555 астам адам. Холдинг құрылған сәттен бастап персоналды басқарудың осы заманғы жүйесін қалыптастыруға, қаржы индустриясы таланттарын тарту және ұстап тұру үшін барынша тиімді ахуал қалыптастыруға зор назар аударылып келеді.

Осындай күш-жігердің нәтижесі – 2015 жылдың қорытындылары бойынша холдинг компанияларының тобында кадрлардың шоғырландырылған тұрақтамауының 11% дейін азаюы. Есепті жылдың қорытындылары бойынша персонал тиімділігі артуының негізгі көрсеткіші еңбек өнімділігі көрсеткішінің жақсаруы болып табылады, ол бір адамға шаққанда 116,1 млн теңгені құрайды.

Холдинг компаниялары тобы бойынша жұмыскерлердің орташа жасы – 34 жас.

### Холдинг компаниялары тобының сапалық және сандық құрамы, адам

Дереккөз: «Бәйтерек»



- Жоғары білімді қызметкерлер
- Ғылым магистрлері
- «Болашақ» бағдарламасының түлектері
- Шетелдік білімі бар қызметкерлер
- Сертификат берілген жұмыскерлер
- Ғылым докторлары және кандидаттары

## Персоналды дамыту

2015 жылы холдинг 2015 – 2020 жылдарға арналған Бірыңғай кадр стратегиясының негізгі бастамаларын белсенді түрде іске асырды. Персоналдың тиімділігін басқару, бос орындарға үміткерлерді іріктеу, холдингінің компаниялары тобы бойынша сыйақы мен өтемақы, персоналды оқыту және дамыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құжаттама әзірлеуге және оны өзекті етуге ерекше назар аударылды.

## Нәтижелері

- Жабық бос орындарға конкурстық іріктеу шеңберінде үміткерлерді тестілеудің автоматтандырылған процесі. Автоматтандыру тестілерді тексеру уақытын қысқартты, олардың ұғымдылығын ұлғайтты, сондай-ақ әртүрлі қалалардағы, оның ішінде ҚР шегінен тыс жерлердегі үміткерлерге тестілеуден жоғары қорғаныш дәрежесімен өтуге мүмкіндік берді.
- Еншілес ұйымдарда персоналды іріктеу қағидаларының холдинг компаниялар тобына еңбек ресурстарын тартуда ашықтық пен объективтілік нормаларына сәйкестігіне талдау жүргізілді, талдау нәтижелері бойынша персоналды іріктеу процесін регламенттейтін нормативтік құжат өзекті етілді.
- Еңбек нарығындағы біліктілігі жоғары мамандарды тарту үшін сыртқы бәсекеге қабілеттілік, ашықтық пен әділдік, сондай-ақ меритократия қағидаларына негізделген қызметкерлер еңбегін уәждеудің тиімді жүйесі құрылды. Шаралар жұмыскерлердің өз еңбектерінің объективті түрде бағаланатынына сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.
- Қызметкерлер жұмысының тиімділігін басқару жүйесін жетілдіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді және мақсаттарға қол жеткізілуін бағалау және құзыретті дамыту деңгейін бағалау негізінде персоналды басқару жүйесі енгізілді. Осы жүйелерді жаңарту холдинг стратегиясының бөлімшелердің мақсаттарымен және қызметкерлердің жеке мақсаттарымен үйлесімділігін қамтамасыз етеді.
- Ernst&Young аудиторлық-консалтингтік компаниясымен бірлесіп Қазақстан бойынша референттік компанияларды уәждеу жүйесіне мамандандырылған шолу жүргізілді, соның

нәтижесінде холдинг пен оның еншілес ұйымдары үшін уәждеу жүйесін құру бойынша ұсынымдар әзірленді.

- Холдинг еншілес ұйымдарының әкімшілік және басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің үлгі қағидалары әзірленді. Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі холдинг еншілес ұйымдарының стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуіне жәрдемдесуге, жұмыскердің еңбекақы деңгейі, оның жеке тиімділігі мен жұмыскер қызметінің нәтижелері арасындағы өзара нақты байланысты қамтамасыз етуге, сондай-ақ қызметкерлерді кәсіби тұрғыдан өсуге ынталандыруға бағытталған.
- Холдинг жұмыскерлерін оқыту мен кәсіби жағынан дамыту қағидаларына өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес оқыту түрлерінің құрылымы түрлендірілді. Құзырет орталықтарын өткізу практикасы ойдағыдай жұмыс істейді. Бұл холдинг пен еншілес ұйымдардың функционалдық бағыттары бойынша тәжірибемен, біліммен және дағдылармен алмасуға арналған кәсіптік алаңдар.
- Индустрия көшбасшыларының табысты тәжірибесін уәждеу және шабыттандыру мақсатында холдинг пен ЕҰ жұмыскерлері үшін ай сайынғы негізде белгілі спикерлермен бизнес-таңғы астар өткізу практикасы енгізілді. Корпоративтік форматтағы оқыту іс-шараларын өткізу есебінен холдингінің барлық қызметкерлері оқумен қамтылды.
- Кадр резервін қалыптастыру мақсатында әлеуеті жоғары жұмыскер құзыретінің моделі жасалды. Кадр резерві қалыптастырылды, оның қорытындылары бойынша 50 адам үш топ бойынша «Baiterek TOP-50» кадр резерві бағдарламасының құрамына кірді.
- Жоғары этикалық стандарттар мен корпоративтік құндылықтарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениет қалыптастыру мақсатында Іскерлік әдеп кодексі әзірленіп, бекітілді. Холдингінің стратегиясы мен мақсаттарының бірыңғай пайымын қалыптастыруға, ұжымдардың бірігуіне, холдинг пен ЕҰ жұмыскерлерінің зияткерлік, шығармашылық әлеуетін ашуға, салауатты өмір салты мәдениетін танымал етуге бағытталған бірлескен 6 корпоративтік іс-шара (оның ішінде, холдинг компаниялар тобы желілік менеджерлерінің «Baiterek Management Forum: from plans to action» форумы) өткізілді.

## КАДР САЯСАТЫ

### Кадр саясатындағы әлеуметтік бағдарланушылық

Холдинг кадр саясатының әлеуметтік құрамдаушына ерекше назар аударылады. Кадр саясатының әлеуметтік жауапкершілігінің ішкі және сыртқы даму векторлары бар.

#### Ішкі вектор

Ішкі вектор корпоративтік мәдениетті қолдау арқылы жұмыскерлерді әлеуметтік жағынан қолдауға, оқытуға және дамытуға, барынша қолайлы жұмыс жағдайларын жасауға, сондай-ақ персоналдың тартылушылық деңгейін арттыруға бағытталған. 2015 жылдың қорытындылары бойынша корпоративтік форматтағы оқыту іс-шараларын өткізу есебінен холдинг қызметкерлерін оқытумен толық қамтуға қол жеткізілді. Холдинг компаниялар тобының персоналы тартылушылығының біріктірілген көрсеткіші 2015 жылы 74% құрады. Холдинг өз жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негізгі әлеуметтік кепілдіктермен және өтемақылармен қамтамасыз етеді, сондай-ақ қосымша әлеуметтік бағдарламалар мен жеңілдіктерді дәйекті түрде жүзеге асырады және дамытады. Мәселен, жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау бағдарламасының шеңберінде холдинг қызметкерлерді медициналық сақтандыруды жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

**2015 жылдың қорытындылары бойынша корпоративтік форматтағы оқыту іс-шараларын өткізу есебінен холдинг қызметкерлерін оқытумен толық қамтуға қол жеткізілді. Холдинг компаниялар тобының персоналы тартылушылығының біріктірілген көрсеткіші 2015 жылы 74% құрады.**

#### Сыртқы векторы

Әлеуметтік жауапкершіліктің сыртқы векторы әртүрлі мамандандырылған қорлар және қаржылық көмек сұрап өтініш жасаған жеке тұлғаларға атаулы көмек көрсету арқылы, сондай-ақ жас мамандар мен студенттерге арналған жобалар мен бағдарламалар арқылы демеушілік және қайырымдылық қызметке бағытталған.

2015 жылы холдингтің демеушілік және қайырымдылық қызметі халықтың аз қорғалған тобына, тұрмысы төмен азаматтарға көмек көрсетуге, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға, мәдениетті, ғылымды және білім беру ісін қолдауға, салауатты өмір салтын насихаттауға және спортты қолдауға бағытталды.

Жастар саясатының шеңберінде «Назарбаев Университет» МВА студенттері үшін табысты еңбек қызметі үшін кәсіби құзыретті қалыптастыруға және дамытуға бағытталған бірқатар уәжді шебер-кластар өткізіледі. Холдинг студенттер мен жас мамандарға практикалар мен тағлымдамалардан өту арқылы практикалық дағдыларды меңгеруге жәрдемдесе отырып, елдің жоғары оқу орындарымен байланыс орнатады және әріптестік қатынастар орнатады. 2015 жыл ішінде холдингтің компаниялар тобында 160 астам студенттер мен түлектер тағлымдамадан және практикадан өтті.

2015 жылдың айтулы оқиғаларының бірі «Болашақ» қауымдастығымен және Alma University-мен бірлесіп алғашқы қазақстандық бизнес-кейстер жинағының шығарылуы болды. «Bolashak Business Cases» жинағының тұсаукесері 2015 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің – Елбасының кітапханасында өтті. Жинақ білім беру процесіне енгізу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарына, сондай-ақ шетелдік бизнес-мектептерге жіберілді. Бұл жинақ өз қызметін қазақстандық ахуалда жүзеге асыратын жас мамандар мен студенттерге нақты бизнестің тетіктерін зерделеуге көмектеседі.

## №6 КЕЙС

## ПРОММАШКОМПЛЕКТ



ПРОММАШКОМПЛЕКТ

### Компанияның бейіні

**ПМК** — индустрияландырудың бірінші бесжылдығы шеңберінде 2012 жылы іске қосылған бағыттағыш бұрмалар мен темір жол дөңгелектерін жасайтын қазақстандық зауыт. Автоматтандырылған металл өңдегіш жабдық Компания станок паркінің негізін құрайды.

### Жоба

ПМК темір жол дөңгелектерін жасау жөніндегі қуаттарды кеңейту жобасымен ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қатысады. Жобаның жалпы құны — 50,9 млрд теңге. Қажетті қаржыландырудың 71%-ы ҚДБ тарапынан беріледі, қарыз мерзімі 19 жылға дейін. Кәсіпорын толық жобалық қуатқа шығарылғаннан кейін шығарылатын өнімнің 40% дейін ішкі нарыққа – негізінен «Қазақстан темір жолы» ҰК қажеттіліктері үшін берілетін болады, қалған 60%-ы Иранға, Әзірбайжанға, Ресейге және Түркменстанға экспортқа жөнелтіледі.

Жобаның жалпы құны

**50,9**  
млрд теңге

### Тиімділігі

ПМК базасында темір жол дөңгелектерін жасау жөніндегі қуаттарды кеңейту жобасын 2017 жылдың екінші жартысында аяқтау жоспарланып отыр. Инжинирингі Relart SA болып табылатын жаңа өндірісті пайдалануға енгізу ПМК қуатын жылына өнімнің 75 мың бірлігінен 200 мың бірлігіне дейін ұлғайтуға, 400 астам жұмыс орнын құруға, өндірісті жергіліктендіру деңгейін 15-тен 50% дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Холдинг IT-технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздікті дамытуға зор назар аударады. Осы бағытты дамыту шеңберінде, бизнес-процестердің тиімділігін жақсарту және өңдеу жылдамдығын арттыру, деректерді шоғырландыру, сондай-ақ басқарушылық шешімдер қабылдау мақсатында Холдингтің ақпараттық технологияларын дамытудың 2014-2018 жылдарға арналған стратегиясы бекітілді. 2015 жылы стратегияның негізгі алты міндеті іске асырылды.

1. Кейіннен талдау және есептіліктің әр түрін қалыптастыру үшін барлық еншілес ұйымдардан деректер жинау және оларды шоғырландыру.

2. 2014 жылы әзірленген, төрт: бизнес-жоспарлау және бюджет жасау, қаржылық шоғырландыру, қазынашылық операциялардың интеграцияланған мониторингі және тәуекелдерді орталықтандырылған басқару функционалды бағыттарын қамтитын холдинг пен ЕҰ басқарушылық есебінің нақты әдіснамасына сәйкес басқарушылық есептілік жүйесі (БЕЖ) енгізілді. БЕЖ жөніндегі жұмыстар шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізілді:

- БЕЖ бағдарламалық қамтамасыз етуін (IBM Cognos TM1/Controller/BI) орнату.
- БЕЖ техникалық тапсырмасы әзірленді. Тәуелсіз аудиторлық компания техникалық тапсырманың БЕЖ әдіснамасына сәйкестігіне сараптама жүргізді.
- БЕЖ жүйесі теңшеліп, енгізілді.
- ЕҰ мен холдинг пайдаланушылары оқытылды.
- Жүйеге БЕЖ-дің барлық бағыттары бойынша ЕҰ мен холдинг деректері енгізілді.
- БЕЖ деректері тестілеуден өтті және салыстырылды (ЕҰ салыстыру актілері).

• БЕЖ бен бизнес-жоспарлау және бюджет жасау жөніндегі «Даму» есептік жүйелерінің пилоттық интеграциясы, сондай-ақ «бизнес-жоспарлау» және «бюджет жасау» нысандарын ҚДБ-мен қаржылық шоғырландыру және ішінара біріктіру жүргізілді.

3. Холдинг пен ЕҰ-лардың 2014 жылы енгізілген корпоративтік порталын дамыту шеңберінде холдинг басқармасының деңгейінде де, сондай-ақ ЕҰ деңгейінде де отырыстар өткізу үшін планшет құрылғылардан қол жетімділік ұйымдастыру құралдары кеңейтілді.

4. Холдинг пен ЕҰ жұмысының өнімділігін және тиімділігін арттыру үшін холдинг пен ЕҰ арасында қағазсыз электрондық құжат айналымы ұйымдастырылды. Холдинг пен ЕҰ электрондық құжаттарын өңдеу бағдарламасы (ЭҚӨБ) өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. ЭҚӨБ іске қосу холдинг пен ЕҰ арасындағы хат-хабарларды бірнеше минутта беруді ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Электрондық құжаттармен онлайн-режимінде қағазсыз алмасу холдинг пен ЕҰ ресми хат жазысуының келіп түсуі/жауап беру мерзімін айтарлықтай қысқартты.

5. RFID технологияларын пайдалану арқылы негізгі құралдарды түгендеу жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе сатып алынды.

6. Бейнеконференцбайланыс терминалдарын толық жарақтандыру арқылы басқа қалалардағы ұйымдармен/ЕҰ онлайн-конференциялар өткізу ұйымдастырылды.

7. Ақпараттық қауіпсіздікті күшейту мақсатында, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті кешенді түрде қорғау жүйесін дамыту шеңберінде Next Generation Firewall жабдығы (NGF) орнатылды/теңшелді және тәжірибе-өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. NGF – сыртқы шабуылдарды мониторингке және олардың алдын алуға, қауіпті сервистердің жұмысына тыйым салуға мүмкіндік беретін желінің аппараттық қорғанышы.

## Шоғырландырылған қаржылық есептілік

### Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	Ескертпе	2015 ж. желтоқсан	2014 ж. желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	6	376,224,818	263,777,147
Кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында өзгерістері көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	7	167,193,565	39,922,634
Банктердегі қаражат	8	544,991,946	442,651,990
Клиенттерге берілген кредиттер	9	1,733,170,866	1,071,335,028
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	10	369,338,324	363,961,744
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек		-	701,124
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	11	62,508,925	26,122,360
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар		-	14,595,693
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	12	2,078,760	3,724,560
Инвестициялық мүлік	13	1,813,213	1,516,868
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем		16,043,192	12,789,939
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив	34	4,960,948	6,486,752
Негізгі құралдар	14	12,022,859	13,063,285
Материалдық емес активтер	15	2,339,687	1,691,298
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	16	16,344,872	13,360,483
Өзге де қаржылық активтер	17	23,716,394	16,436,586
Өзге де активтер	18	127,577,185	32,777,623
<b>АКТИВТЕР ЖИНЫ</b>		<b>3,460,325,554</b>	<b>2,324,915,114</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Клиенттердің қаражаты	19	314,423,007	260,089,868
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20	800,446,305	505,668,105
Тәуелді борыш	21	14,652,856	14,163,005
Банктерден және өзге де қаржы институттарынан алынған қарыз	22	1,138,032,857	619,119,766
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыз	23	54,381,837	61,845,338
Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеме		613,748	220,590
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	34	26,032,406	7,116,637
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер		1,070,893	706,654
Шығарылған топтармен тікелей байланысты, сатуға арналған міндеттемелер		146,989	-
Өзге де қаржылық міндеттемелер	24	41,799,802	22,330,519
Өзге де міндеттемелер	25	205,726,581	33,908,484
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИНЫ</b>		<b>2,597,327,281</b>	<b>1,525,168,966</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	26	758,318,712	718,318,712
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау жөніндегі резерв		(14,763,833)	(7,063,690)

«Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан «клиенттерге берілген кредиттер» санатына қайта жіктелген қаржылық активтерді қайта бағалау жөніндегі резерв		4,522,580	6,386,403
Жинақталған бағам айырмаларының резерві		5,259,474	898,082
Хеджирлеу резерві		3,403,546	(348,584)
Бизнесі біріктіру кезіндегі резерв және қосымша төленген капитал		89,201,158	89,147,503
Өзге де резервтер		25,140,351	24,618,200
Жинақталған тапшылық		(12,472,799)	(33,057,692)
<b>Холдинг иелеріне тиесілі таза активтер</b>		<b>858,609,189</b>	<b>798,898,934</b>
<b>Бақыланбайтын үлес</b>		<b>4,389,084</b>	<b>847,214</b>
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>862,998,273</b>	<b>799,746,148</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>3,460,325,554</b>	<b>2,324,915,114</b>

### Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	Ескертпе	2015	2014
Пайыздық кірістер	27	178,065,019	128,508,820
Пайыздық шығыстар	27	(83,095,522)	(60,489,744)
<b>Пайыздық таза кірістер</b>		<b>94,969,497</b>	<b>68,019,076</b>
Кредит қоржынының құнсыздануынан резервті (есептеу)/ қалпына келтіру	9	(24,986,447)	1,690,961
<b>Кредит қоржынының құнсыздануынан резерв құрылғаннан кейінгі пайыздық таза кірістер</b>		<b>69,983,050</b>	<b>69,710,037</b>
Комиссиялық кірістер	28	3,904,095	4,152,503
Комиссиялық шығыстар	28	(1,762,038)	(1,425,948)
<b>Комиссиялық таза кірістер</b>		<b>2,142,057</b>	<b>2,726,555</b>
Кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында өзгерістері көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтермен жасалатын операциялардан таза пайда/ (шығын)	29	87,717,562	(9,664,651)
Шетелдік валютамен жасалатын операциялардан таза (шығын)/ пайда	30	(42,821,515)	14,271,917
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен жасалатын операциялардан таза пайда/(шығын)		156,721	(990,125)
Еңбекпен табылған таза сақтандыру сыйақылары		107,919	629,685
Сақтандыру төлемдері бойынша және резервтердегі өзгерістер бойынша таза кірістер/(шығыстар)		449,740	(351,751)
Өзге де операциялық (шығыстар)/ кірістер	31	(2,834,295)	3,461,692
<b>Операциялық кірістер</b>		<b>114,901,239</b>	<b>79,793,359</b>
Кредит сипатындағы өзге де активтер мен міндеттемелердің құнсыздануынан резерв	32	(4,770,600)	(302,426)
Әкімшілік шығыстар	33	(32,623,195)	(27,774,776)
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар қаржылық нәтижесінің үлесі	12	(976,780)	(121,224)
<b>Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда</b>		<b>76,530,664</b>	<b>51,594,933</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	34	(27,148,616)	(9,980,795)
<b>БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>		<b>49,382,048</b>	<b>41,614,138</b>
<b>Төмендегілерге тиесілі пайда:</b>			
- холдинг иелеріне		49,017,188	41,298,271
- бақыланбайтын үлеске		364,860	315,867
<b>БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>		<b>49,382,048</b>	<b>41,614,138</b>

### Өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	Ескертпе	2015	2014
<b>БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>		<b>49,382,048</b>	<b>41,614,138</b>
<b>Өзге де жиынтық шығын:</b>			
Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:			
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау жөніндегі резерв:			
- Қайта бағалаудан түсетін кірістерді шегергендегі шығыстар		(7,174,955)	(2,246,625)
- Пайдаға немесе шығынға көшірілген шығыстарды/(шегерілген шығыстар) кірістерді шегергендегі кірістер		(156,721)	990,125
Өзге де жиынтық кірісте тікелей көрсетілген табыс салығы	34	(368,467)	340,865
Шетелдегі қызмет туралы қаржы ақпаратын есеп беру валютасына қайта есептеу		4,361,392	643,805
Құралдармен жасалған операциялардан шығыстарды/(кірістерді шегергендегі шығыстар) шегергендегі іске асырылмаған кірістер		3,752,130	(17,661)
Клиенттерге берілген кредиттердің құрамына қайта жіктелген, сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау жөніндегі резервтің амортизациясы		(1,863,823)	(477,429)
<b>Бір жыл ішіндегі өзге де жиынтық шығын</b>		<b>(1,450,444)</b>	<b>(766,920)</b>
<b>БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>		<b>47,931,604</b>	<b>40,847,218</b>
<b>Төмендегілерге тиесілі жиынтық кірістің жиыны:</b>			
- холдинг иелеріне		47,566,744	40,586,002
- бақыланбайтын үлеске		364,860	261,216
<b>БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>		<b>47,931,604</b>	<b>40,847,218</b>

### Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	Ескертпе	2015	2014
<b>Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаты</b>			
Алынған пайыздар		146,050,786	113,907,991
Төленген пайыздар		(56,168,237)	(45,648,657)
Алынған комиссиялар		5,362,841	3,186,389
Төленген комиссиялар		(1,704,278)	(1,420,478)
Туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар бойынша алынған кірістер/(төленген шығындар)		787,566	(19,181,637)
Шетелдік валютамен жасалған операциялардан таза пайда		4,505,197	119,267
Бұрын клиенттерге жалға берілген активтерді сатудан түскен түсім		-	198,611
Алынған таза сақтандыру сыйақылары		962,266	592,655
Таза сақтандыру өтемдері/(төлемдері)		132,764	(118,030)
Алынған өзге де операциялық кірістер		5,965,419	3,473,346
Төленген әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар		(30,484,221)	(26,716,940)
Төленген табыс салығы		(11,054,850)	(8,021,433)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты</b>		<b>64,355,253</b>	<b>20,371,084</b>
Төмендегілер бойынша (өсім)/азаяу:			
- өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары		(22,098,743)	(10,297,598)
- банктердегі қаражат		(129,651,322)	(258,554,744)
- клиенттерге берілген кредиттер		(201,790,315)	(240,374,916)
- қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		(25,786,910)	697,451

- кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек		81,481	(221,305)
- өзге де қаржылық активтер		(9,248,681)	2,729,407
- өзге де активтер		(89,735,510)	(20,917,266)
<b>Төмендегілер бойынша (азаю)/өсім:</b>			
- клиенттердің қаражаты		45,841,626	53,225,286
- өзге де қаржылық міндеттемелер		36,205,419	(168,500)
- өзге де міндеттемелер		(17,533,936)	1,043,834
<b>Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>		<b>(349,361,638)</b>	<b>(452,467,267)</b>
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаты			
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(59,100,690)	(64,513,289)
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер		119,728,968	144,186,490
Өтеуге дейін ұсталынатын инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түсетін түсімдер		3,710,029	669,120
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(4,316,297)	(3,015,955)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсім		40,587	325,290
Тікелей инвестицияларды орналастыру		65,190	-
Қауымдасқан кәсіпорындарды сатып алу		-	(93,740)
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарды сатудан түсетін түсім		413	200,895
Алынған дивидендтер		368,139	346,590
<b>Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты</b>		<b>60,496,339</b>	<b>78,105,401</b>

#### Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаты

Банктерден және өзге де қаржы институттарынан қарыз алу		105,695,537	73,437,300
Банктерден және өзге де қаржы институттарынан алынған қарыздарды өтеу		(46,313,801)	(37,117,861)
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыз алу		2,800,000	580,000
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздарды өтеу		(750,000)	(196,593)
Тәуелді борышты өтеу		-	(3,953,782)
Жай акциялардың эмиссиясы		40,000,000	45,000,000
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түсетін түсімдер		315,595,125	297,201,358
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу/сатып алу		(103,313,827)	(9,497,430)
Бақыланбайтын үлестің салымдары		593,564	14,243,800
<b>Қаржылық қызметтен алынған таза ақша қаражаты</b>		<b>314,306,598</b>	<b>379,696,792</b>
Айырбастау бағамы өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		87,006,372	21,294,808
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсімі</b>		<b>112,447,671</b>	<b>26,629,734</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	6	263,777,147	237,147,413
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары</b>	<b>6</b>	<b>376,224,818</b>	<b>263,777,147</b>

\*Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Шоғырландырылған қаржылық есептілік және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы тәуелсіз аудиторларының есебі [www.baiterek.gov.kz](http://www.baiterek.gov.kz) сайтына орналастырылды.

## Қысқартулар тізімі

Таңбалануы	Мағынасын ашу
<b>ICD</b>	Жеке меншік секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясы
<b>NGF</b>	Next Generation Firewall, желіні аппараттық қорғау
<b>PE</b>	Private Equity
<b>ROA</b>	Return on Assets
<b>ROE</b>	Return on Equity
<b>АО</b>	Акционерлік қоғам
<b>«Даму» «КДҚ» АҚ, «Даму» қоры</b>	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
<b>«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ</b>	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
<b>ЕДБ</b>	екінші деңгейдегі банктер
<b>ҚДБ</b>	Қазақстан даму банкі
<b>ІЖӨ</b>	ішкі жалпы өнім
<b>БД</b>	«Бәйтерек девелопмент» АҚ
<b>ДЭФ</b>	Дүниежүзілік экономикалық форум
<b>га</b>	гектар
<b>ИИДМБ</b>	ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
<b>ҮИИДМБ</b>	ҚР үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
<b>ГЭС</b>	гидроэлектрстанциясы
<b>ЕҰ</b>	еншілес ұйымдар
<b>ЕАЭО</b>	Еуразиялық экономикалық одақ
<b>ЕҚДБ</b>	Еуропалық қайта құру және даму банкі
<b>бірл.</b>	бірлік
<b>ЕО</b>	Еуропа одағы
<b>ҚТҚЖБ</b>	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ
<b>АКТ</b>	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
<b>ҚИҚ</b>	«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ

Таңбалануы	Мағынасын ашу
шаршы. м	шаршы метр
ҚИК	«Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ
ҚКМ	«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ
ҚНК	қызметтің негізгі көрсеткіштері
ҚР ҰЭМ СК	ҚР ҰЭМ Статистика комитеті
ҚИКҚҚ	«Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
КЭГ	«ҚазЭкспортГарант» СК» АҚ
ИЖТМ	Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
ЖАО	биліктің жергілікті атқарушы органдары
ИДМ	Инвестициялар және даму министрлігі
млн	миллион
млрд	миллиард
ШОБ	шағын және орта бизнес
ТДҰА	Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ДК	директорлар кеңесі
ШОКС	шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
БК	бірлескен кәсіпорын
ЕБЖ	Есептілікті басқару жүйесі
ЭҚЖ	Электрондық құжат айналымы жүйесі
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ҚШҚ	қаржы-шаруашылық қызметі
холдинг	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
ЭҚӨБ	Электрондық құжаттарды өңдеу бағдарламасы
КҚО	Кәсіпкерлікті қолдау орталықтары
МЖӘ ЖСО	Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы